



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Ардақты аналар, қадірлі қыз-келіншектер!

Сіздерді шұғылалы көктемнің шуақты мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әйел-Ана қашан да – әдеміліктің символы! Жер бетіндегі жақсылық пен ізгілік, қайырымдылық пен мейірімділік ұғымдарының барлығы ана атауымен тығыз байланысты.

Сондықтан да, көктемнің осы бір тамаша мерекесі әйелге тән әсемдік пен нәзіктіктің мәңгі белгісі сияқты көрінеді.

Биыл – Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейлі жылы. Осы жылдар ішіндегі еліміздің толағай табыстары мен Сыр өлкесінің қол жеткен жетістіктерінің барлығында бір қолымен бесік, екінші қолымен әлемді тербеткен әйелдер қауымының өз қолтаңбасы бар.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Тәуелсіздік жылдарында мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне әйелдердің қосқан үлесі шексіз!» деп ерекше атап көрсетуі де сондықтан.

Сіздер әрдайым егемен еліміздегі бейбіт тірліктің, бірегей бірліктің, кемел келешекке деген сенімнің, ізгілік пен мейірімділіктің ұйытқысы болып келесіздер. Күнделікті қажырлы еңбектеріңіз арқылы отбасының нығайуына ғана емес, қоғамның барлық саласының дамуына зор үлес қосып жүрсіздер.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың сөзімен айтқанда: «Егемен елімізде әйелдер қауымы үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылды. Отбасы институтын, көпбалалы аналарды, кәсіпкер әйелдерді қолдау және гендерлік теңдікті қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың аса маңызды басымдығы».

Әйел-аналар қандай жағдай болмасын қиындыққа мойымайтын, ауырлықты көтере білетін қажырлы тұлға екенін әрдайым дәлелдеп келеді. Өткен жылы пандемия өршіген кезеңде біз 87 проценті әйелдерден құралатын медицина мамандарының арқасында қиындықты еңсере алдық десек болады. Өзінің емес, өзгенің денсаулығын ойлап, күн-түн демей қызмет еткен дәрігерлер, мейірбикелердің еңбегіне баршамыз ризамыз.

Көркіті көктемнің көркем мерекесі көңілдеріңізге қуаныш сыйлап, жүздеріңізден күлкі кетпесін, Сыр елінің аяулы арулары!

Әрқашан шаңырақтарыңыз шаттыққа толып, қуаныштан арылмасын! Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, отбастарыңызға амандық тілеймін!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Құрметпен,
облыс әкімі
Гүлшара ӘБДИҚАЛЫҚОВА

● САЛТАНАТТЫ СӘТ



Мезгіл мен мейірім шаппағы

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қыз-келіншектерді төл мерекесімен құттықтады. Аймақ басшысы алдымен әйелдер қауымының от басы, ошақ қасында қалып қоймағанын, қоғамның барлық саласында қолтаңбасы барын айтты. Мысалы, қызылордалық мемлекеттік қызметшілердің – 37, медицина саласы өкілдерінің – 87, педагогтардың 60 проценті – қыз-келіншектер. Олардың облыстық, қалалық, аудандық мәслихаттарда да (152/39) үлесі бар. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінде 22 мыңнан астам әйел еңбек етіп жүр.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



– Аналарымызды ардақтап, қадір тұтудың шектеулі мерзімі жоқ. Десек те, көктемнің күнін көрікті ететін 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні сол 365 күннің ең бір ерекше күні екені даусыз. Олай болса, қоғамның түрлі саласында ерлермен иық тірестіре еңбек етіп жүрген аяулы жандарға алғысымыз шексіз. Бил – ел тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейлі жылы. Осы жылдар ішіндегі еліміздің толағай табыстары мен Сыр өлкесінің жетістіктерінің барлығында бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен әйелдер қауымының қолтаңбасы бар. Сіздерді қасиетті Жер-Ана бусанып, қар астынан алғашқы бәйшешек бой көтеріп, жер-дүние күн шуағына бөленетін көктемнің көрікті мерекесімен құттықтаймын, – деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада облыстың құрметті азаматы Алмагүл Божанова мен ауыл шаруашылығы саласының ардагері Батыр ана Рая Бердешова құрмет үшін алғыс айтып, өңірдің өркендеуіне тілектестік білдірді.

Өміріміздің 37 жылын сауыншылыққа арнадым. Облыстық кеңеске – 2, Шиелі аудандық кеңесіне – 4, «Төңкеріс» ауылдық кеңесіне 5 дүркін депутат болдым. 9 баланы дүниеге әкеліп, аяқтандырдым. Құдайға шүкір, біреуден ілгері, біреуден кейін жүріп жатырмыз. Өмірден түйгенім, кім еңбек етсе, ол соның берекесін көреді, – деді сексеннің сенгіріне шыққан Батыр ана.

Ал ширек ғасырдан көп уақыттан бері 10 мыңнан астам сәбидің «кіндік анасы» атанған акушер Гүлмира Исабекова әйел және ана бақыты туралы ойымен бөлісті.

Әрбір әйелдің ана болу бақытын көру мерейіңді арттырады. Бүгінде мемлекет тарапынан әйел-аналарға зор қолдау көрсетіліп келеді. Сондықтан барлығыңызды осындай қуанышқа кенелуді тілеймін, – деді ол.

Ақын Асылзат Арыстанбек «Әйел әлемі» атты өлеңін оқып, мереке иелеріне жыр-дан шашу шашты. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің халықаралық байланыстар бөлімінің басшысы, «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасының докторанты Бекзат Ырза жастарға жасалып жатқан қолдау барда ел мүддесі үшін аянбай еңбек ету керек екенін жеткізді.

Кездесуде аймақ басшысы Юлия Панащук пен Фарида Төреқожаеваға «Күміс алқа» төсбелгісін табыс етті. Айта кетейік, бүгінде өңірде 38 мыңнан астам көпбалалы ана тұрып жатыр. Оның 4300-ден астамы – «Алтын алқа», 9600-ден астамы – «Күміс алқа» иесі.



Ордалы 30 ЖЫЛ

– Ата Заң негізінде 1994 жылы наурыз айында алғаш рет парламенттік сайлау өткізілді. Сол жылы парламент таратылды.

6 НАУРЫЗ

• 2008 жылы 5-6 наурыз күндері ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Астанаға ресми сапармен келген Украина Президенті Виктор Ющенкомен кездесу өткізді. «Мен өзімнің былтыр сіздің елге жасаған сапарымды аса бір ризашылықпен еске түсіремін, – деді Нұрсұлтан Назарбаев. – Сонда біз «Қазақстанның Украинадағы жылын» ашқан болатынбыз. Осы мерзім ішінде Украинаның барлық өңірлерінде 200-ден артық әртүрлі сипаттағы бірлескен іс-шара өткізіліпті. Соның нәтижесінде біздің алдымызда саяси, экономикалық, мәдени, ақпараттық салалардағы ынтымдастығымыздың жаңа көкжиектері ашылды».

• 2009 жылы 25 ақпан мен 6 наурыз аралығында ел тұрғындарының екінші ұлттық Халық санағы өткізілді.

7 НАУРЫЗ

• 1997 жылы 7 наурызда Қазақстанға Литва Республикасының Президенті А.Бразускастың ресми сапары болды.

• 2002 жылы 7 наурызда ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.



Кеме тізгіндеген келіншек



Әминаның аялы алақаны



Тіршіліктің алтын арқауы

Ресми атауы Халықаралық әйелдер күні болғанымен, бұл мерекені алдымен ананы құрметтеу, қарындасты қадірлеу, аруларды аялау рәуішінде атап өтіп келеміз. Осы күні адамзаттың нәзік жаратылысы арқасүйер азаматтардың шын жүректен шыққан лебізіне, сый-құрметіне бөленеді.

Біз әрісі «Батырлар жыры», берісі қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалары арқылы ардақты ана, ақылды әйел, асыл жар бейнесіне қанығып өстік. Ерін «пірім» деп сыйлаған үлкендер ұлағатын көрдік. Сондықтан бұл – ең біріншіден, Аналар мерекесі. Осы күні бізді тоғыз ай құрсағында көтерген, өмір бақи жүрегіне сақтаған жандардың алдында өтелмейтін парызымыздың бір мысқалын болса да орындауға тырысамыз. Әсілі анаға ризашылықты жыл он екі ай айтса да, артық емес.

Бұл – қамқоршы қарындастың мерекесі. «Тар қолтықтан оқ тисе, шығады сүйеп қарындас» деп ағалары арқа сүйеген жандардың жөні бөлек. Ата-ана мен бауырларының тілеуқорына айналған қыз баласы жат жұрттық болса да, осы мерекеде жақынынан жылы сөз күтеді.

Бұл – әр үйдің шырайын кіргізген, шамшырағын жаққан қыздардың мерекесі. Дүниеге қыз келгенде босағаны құт пен береке қоса аттайды дейді. Қыз қуанса, адамның берекесі артады, ырысы көбейеді, несібесі молаяды екен.

Бұл – асыл жардың мерекесі. Азаматының жанына жылу беретін, қиналса, қасынан табылатын, жабықса, демеу болатын жандар қандай құрметке де лайық.

Біз газетіміздің бүгінгі санында сол аяулы жандардың еңбегін паш етуге тырыстық.



Бағанова – біздің мектептің түлегі

Қазақтың мақтанышы, жезтаңдай әншісі, Халық Қаһарманы, КСРО және Қазақстанның халық артисі Роза Тәжібайқызы Бағанованың 100 жылдығына орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, ұлы әншінің есімін мәңгі есте сақтау үшін шаралар қабылдауды тапсырды.

Қазақ әндерін дүниежүзіне танытқан Розаның дауысына лайықтап, көптеген сазгерлер өз әндерін арнап жазды. «Ақ көгершін», «Бейбітшілік бейбіт қолда», «Ақ маңдайлым», «Ақ сұңқарым», «Асыл арман», т.б. әндердің тұңғыш орындаушысы болды. Әншінің репертуарында

одақтас болған 15 елдің әндерімен қатар чех, венгр, поляк, үнді, моңғол, корей, швед, т.б. тілдегі әндері жеткілікті болды, қай елде гастрольдік сапарда болса, сол елдің әнін үйреніп келетін.

БІРІЗДІЛІК БОЛМАЙ ТҰР

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Гаухар Қалмақованың айтуынша, 13 мыңнан астам қызылордалық отбасы атаулы әлеуметтік көмек алып келеді.

– Өткен жылдың басында көмектің форматы өзгерді. Ол бойынша, біріншіден, көпбалалы отбасыларға табысына қарамастан ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы беріледі. Екіншіден, ақшалай көмек көрсетіледі. Үшіншіден, мұндай отбасылардың балаларына кепілдендірілген әлеуметтік пакет ұсынылады. Көмек тағайындаудың

басты шарты – еңбекке қабілетті адамдарды жұмысқа тарту, – дейді ол.

Әлеуметтік жағдайы төмен жандар қайырымдылық ұйымдарының қолдауынан шет қалып отырған жоқ. Дегенмен, оның үлестірілуінде біріділік болмай тұр.

– Бұл негізінен ұйымдардың жеке-дара жұмыс істеуіне байланысты. Кейбір отбасылар бірнеше рет көмек алса, енді біреулеріне мүлдем бұйырмаған. Осыны жүйелендіру жоспарда бар. Өйткені жәрдем бәріне бірдей жетуі тиіс, – дейді волонтерлар фронт офисінің жетекшісі Болатбек Айтбөкетов.



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ БАҚЫЛАУДА



Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен көктемгі су тасқынының алдын алу шаралары талқыланды деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Медет Усаиннің айтуынша, сең қозғалысы «Қызылорда» торабынан 178 шақырым

жоғары Шиелі ауданы аумағындағы «Көлекбаз» учаскесі тұсында. – Бүгінгі күнге «Шардара» су қоймасы арқылы өзеннің

төменгі ағысына секундына 200 текше метр су жіберілсе, оның 100 текше метрін «Көксарай» су реттегіші алып отыр. Төменгі ағысқа 100 текше метр су босатылуда. Осы қыста өзен арнасында мұз Арал ауданынан бастап, Жаңақорған ауданы аумағына дейін толықтай ұстаққан болатын. Жылы ауа райының қалыптасуына байла-

нысты 7 ақпаннан бастап дария бетіндегі сең сөгіле бастады, – деді облыстық басқарма басшысы.

Су тасқынының алдын алу мақсатында облыс бойынша су басу аймақтары анықталып, оған 402 бірлік арнайы техникасы бар 1 178 адам (130 ұйым) бекітілген. Оған қоса, 68,6 тонна жанар-жағармай, 154 590 дана қап және басқа да материалдар қоры жасақталған. Мұз жару жұмыстарына мамандандырылған «KazDrillingCompany» ЖШС-мен келісім-шарт жасалып, «Қаз-авиақұтқару» АҚ-ның 1 тік-ушағы, халықты көшіруге 84 жинақтау және 103 қабылдау эвакуациялық пункттері дайындыққа келтірілген. Облыс аумағындағы азаматтық қорғаудың барлық қызметтері күшейтілген жұмыс режиміне көшіріліп, бұл жұмыстар су тасқыны кезеңі аяқталғанға дейін жалғаспақ. Ал, қазіргі таңда облыстың су шаруашылығы жағдайы қалыпты, бақылауға алынған.

Жиында аймақ басшысы бақылауды босаңсытпауға тапсырма берді.

Қажырлы еңбекке – лайықты құрмет

Сырдария аудандық мәслихат аппаратының бөлім басшысы Сталбек Зікірияұлы Тобағұловты құрметті еңбек демалысына шығарып салуға арналған іс-шараға облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов қатысты.

Өз кезегінде Наурызбай Сейітқалиұлы саналы ғұмырын ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына арнаған Сталбек Зікірияұлының есімі аудан халқына етене таныс екенін атап өтіп, Алғыс хат табыстады.

Мұнан соң аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Х.Әбенұлы С.Тобағұловтың иығына шапан жауып, алдағы уақытта ардагерлер кеңесінің белсенді мүшесі боларына сенім білдірді. Іс-шарада Қазақстан Журналистер одағының мүшесі М.Шілдебаев пен халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының аудандық филиал төрағасы Ш.Нүрсейітов өз лебіздерін білдірсе, аудандық мәслихат депутаттары атынан Б.Есназар арнау жырын оқыды. Әріптестер құрметіне С.Тобағұлов алғысын айтты. Көктемнің көркем мерекесіне орай аудандық мәслихат аппаратының қыз-келіншектеріне сый-сияпат жасалды.

● БРИФИНГ

НӘТИЖЕ БАР, АЛДАҒЫ МІНДЕТ ТЕ АУҚЫМДЫ



Облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте бірқатар салаларда жүзе асырылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Спикер атап өткеніндей, 2021 жылы облыс әкімдігі мен ҚР Премьер-Министрінің арасында бекітілген меморандумға сәйкес 645 мың шаршы метр тұрғын үй көлемін пайдалануға беру көзделіп отыр. Облыс бойынша 1858 пәтерлі 99 үйдің құрылысы жүргізіліп, жыл соңына дейін 1575 пәтерлі 61 үйді пайдалануға беру жоспарланған. Оның ішінде жалға берілетін 16, кредиттік 38, жеке коммерциялық құрылыс салушылар есебінен 6 көпқабатты тұрғын үй бар.

Баспана демекші, брифингте халықты тұрғын үймен қамтамасыз етудің және ауылдық жерлерде тұрғын үйлер салудың жаңа тетіктері түсіндірілді. Тұрғын үй кезектілігі мәселесін шешу үшін «Тұрғын үй жинақ банкі» АҚ негізінде «Отбасы банкі» құрылды. Оның базасында «Тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі орталық» құрылып, ол тұрғын үйге мұқтажтардың барлығын орталықтандырылған негізде есепке алады және «қолжетімділік сатысына» сәйкес тұрғын үйді бөлуді жүзеге асырады. Ал ауылдық жерде тұрғын салушы бизнес құрылымдары салынатын үйдің ауданын 100 шаршы метрден және әрбір шаршы метрінің құнын 100 мың теңгеден асырмауы тиіс. Сондай-ақ тұрғын үй салынатын елді мекен аудан орталығынан қашықтығы 30 шақырымнан кем болмауы қажет.

Инфрақұрылымдық желілер бойынша 2021 жылы республикалық және облыстық бюджеттен барлығы 19,2 млрд теңге қаржы бөлу қарастырылған. Осы қаражатқа ұзындығы 339 шақырым құрайтын автомобиль жолдары мен көпір өткелдері, көшелерді жөндеуден өткізу жоспарлануда. Осының нәтижесінде облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық индикаторлық көрсеткішін 75%-ке жеткізу көзделіп отыр.

Сондай-ақ, аймақтағы тағы бір өзекті мәселенің бірі – Нұр-Сұлтан қаласымен тікелей байланыстыратын республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» жолын қайта жаңғырту жобасы жүзеге асырыла бастайды. Аталған жол құрылысы облыс аумағынан басталатын болады. Энергетика және тұрғын үй-коммуналық шаруашылық саласы бойынша жұмыс төрт бағытта жүргізіледі. Бірінші – ауыз сумен қамтамасыз ету, екінші – жаңартылған энергия көздерін дамыту, үшіншісі – энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру және төртіншісі – табиғи газбен қамтамасыз ету. Қазіргі күні облыс елді мекендері 85% орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамтамасыз етілген. Нәтижесінде облыс тұрғындарының 97%-і сапалы ауызсуға қол жеткізіп отыр. Шиелі мен Жалағаш ауданында жалпы қуаттылығы 80 мвт күн станцияларының құрылысы аяқталса, Жаңақорғанда жаңа құрылыс басталам. Арал ауданында осындай станция салу жоспарланған. «Көгілдір отынмен» қамтамасыз ету жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізіле берді.

Брифингке облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Бердияр Пірімбетов, облыстық жол аушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мұрат Тілеумбетов, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Нұрмағанбетов қатысты.

«СБ» ақпарат



Коммуналдық қызмет – қандай қоғамдық жүйеде болмасын, тұтынушылар үшін өткір проблемалар жиынтығын құрайтын саланың бірі. Қазақстан Президенті кейінгі уақытта атқарушы билікке оның қызмет бағаларын өсірмеу туралы бірнеше рет нұсқау беріп, сонымен бірге мемлекет су, жарық, жылу жүйелерін жаңғыртуға миллиардтаған теңге қаржы бөлуде. Бұл қолдау кеңес әлемінен қордаланып қалған өткір түйіндерді кезек-кезеңімен шешуге мүмкіндік беруде. Осы орайда ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетіне үлкен міндеттер жүктелетіні мәлім. Саланың бүгінгі таңдағы өзекті мәселелеріне қатысты міндеттерін сараптау үшін газет тілшісі комитеттің облыс бойынша департамент басшысы Гүлмира Сейітбекқызы Өтегеновамен ой бөлісті.

«ТҰТЫНУШЫЛАР МҮДДЕСІ ӘРДАЙЫМ ЕСКЕРІЛЕТІН БОЛАДЫ»

– Өздеріңізге мәлім, Мемлекет басшысы кейінгі уақытта осынау түйткілді мәселелерге барынша назар аудара бастады, – деді бізбен әңгімесінде департамент басшысы. – Уақыт жылдам өзгеруде. Қазақстан жаңа даму кезеңіне қадам басты. Ал бұл орайда біздің бүгінгі шешімдеріміз, осыған сәйкес жасайтын нақты іс-әрекетіміз өзгерістердің талабына жауап беруі қажет. Президент бәсекеге қарсы әрекет барлық салада – көмір, электр энергиясы, мұ-ника өнімдері, байланыс, дәрі-дәрмек, әуежай қызметтері, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтері, логистика нарықтарында белең алып отырғанын мәлімдеді. Шындығын айтқанда, осының барлығы халықтың тұтыну мүддесіне байланысты мәселелерді қамтиды. Егер Президенттің кейінгі шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессияның ашылуында сөйлеген сөзіне зер салсаңыз, аталған мәселелер тағы да назардан қағыс қалған жоқ. Президент барлық күш-жігерімізді тиімді мемлекет пен әділетті қоғам құруға жұмылдыруымыз керектігін, бұл бағытта басты басымдық – халықтың тұрмыс сапасын жақсартып, әл-ауқатын арттыруға тірелетінін тағы да назарға салды. Жоғарыда айтылған халықтың коммуналдық қызметке қатысты түйткілдері департамент арқылы шешілетін болғандықтан, бұл бізге үлкен міндеттер жүктейді.

кізу бағасы табиғи монополияларды реттеу комитетімен келісілгендіктен, 2020 жылғы 28 желтоқсандағы комитеттің қорытындысымен 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасы 17 процентке төмендетілді. Оның ішінде тұрғындар үшін 1000 текше метрге қосымша күн салығымен едәуір төмендетіліп, ол қазір 17351 теңгені құрайды. Алайда, «ҚазТрансГазАймақ» қабылданған шешіммен келіспей тағы сотқа жүгінді. Әзірге сот шешімі шыққанға дейін жаңа тарифті енгізу тоқтатылды. Қазіргі таңда департамент «Қызылордажылуді электрорталығы» мен «Қызылордаэлектртарату тораптары» компаниясы акционерлік қоғамының өтінімдерін қарап жатыр.

Халықтың мүддесі болғандықтан біз жобалық тарифтерді талқылау бойынша жария тыңдауларды 2020 жылдың желтоқсанында ұйымдас-тырып, оған мәслихат депу-таттары, жергілікті басқару органдарының, қоғамдық бір-лестіктердің, бұқаралық ақ-парат құралдарының өкілдері және тұтынушылар мен тәуелсіз сарапшылар қатысқанын атап өткізді келеді. Жария тың-дауларды және өңірлік комиссия отырысында айтылған ұсыныс-пікірлер ескеріліп, тарифтердің қабалары қаралуда. Қорыта айтқанда, тарифтердің негізсіз өсуіне жол берілмейді.

– Кейінгі кездері тұтынушылар «Қызылорда су жүйесі» кәсіпорны қызметіне көптеп реніштерін білдіреді. Атап айт-қанда, пайдаланған судың кө-лемін артық көрсету халықтың оны дәлелдеп кәсіпорынға жиі барғыштауына, оның соңы дау-дамайға ұласып, бос уақыт жұмсап дегендей әбгершілік туындауда. Бірақ, менің ойымша, әділдік үшін Қызылордадағы су тарифінің Қазақстанның өзге өңірлеріне қарағанда едәуір арзан екенін атап өткім келеді. Сонда жоғарыда айтылған түсінбеушілік неден туындап отыр? Тәртіпке келтірудің жолдары қандай?

– Сұрағыңыздың екінші бөлігінен бастайын. Халық «Судың да сұрауы бар» дейді. Біз жалпы табиғи ресурсқа ұқыптылықпен қарау мә-дениетін әлі меңгере қойға-нымыз жоқ. Қызылордада су-дың мың текше метрінің тарифі 44,9 теңге. Қарапайым тілмен айтқанда, сіз мың литр су үшін осыншама қаржы төлейсіз. Бұл – Қазақстандағы ең арзан

тариф. Салыстыру үшін айтайын, Ақтауда 223, Қарағандыда 101, Атырауда 99, Ақтөбеде 85, Костанайда 76, Көкшетауда 78, Таразда 109, Шымкентте 88, Петропавлда 81, Өскеменде 66, Түркістанда 62 теңге, осылай кете береді... Ал осыншама арзан тарифтің ақысын төлеп отыру енді біздің ар-ұятымызға байланысты мәселе деп есептеймін.

Жоғарыдағы түйткілді мә-селені өз басым бірінші естіп отырмын. Ондай әурешілкке салу дұрыс емес. Тұтынушылар бізге шағын жазып жатса, оны тексереміз. Шағын және орта бизнес нысандарын тексеруге мотараторий жарияланғанымен, ешкімнің заң бұзушылыққа жол беруіне негіз жоқ. Менің-ше, бұл кәсіпорынның жеке-леген қызметкерлерінің орын-даушылық қызметке салғырт қарауынан туған жағдай ғой деп ойлаймын.

– Шындығын айтқанда, бұ-рынғыдай емес, біз нарықпен алға жылжыған сайын про-блемалар көптеп туындай бас-таған сыңайлы. Шетелдік ақпарат құралдарын көріп, оқығаннан көңілеге түйендім, осы проблемалардың көпші-лігі кешегі посткеңестік мем-лекеттерге ғана тән ортақ құбылыс па деп ойлаймын. Коммуналдық төлемдерге ақшаны уақытында төлемеу, ұдайы қарызға өмір сүру сол қызмет көрсететін кәсіп-орын қызметкерлеріне де оңай соқпайды. Жалақысын уақы-тында ала алмауын былай қойғанда, олардың негізгі қор-ларын жаңарту үшін де қаржы керек емес пе? Мұның сыры неде деп ойлайсыз? Кешегі ортақ жүйеде өмір сүрген Шығыс Еуропа елдерінде мұндай келесіздік біршама жойылған тәртізді ме, қалай? Әлде біздің нарыққа бейімделуіміз қиынға соғып жатыр ма?

дотация беру ақылға сыйымсыз ғой. Нарыққа көшу табысына қарай өмір сүру дағдысына үйретті. Біршама жөнге түсіп келеміз. Өмір көрсетіп отырғандай, аздаған ілгері жылжу нышаны сезіле бастады. Бұрынғы қордаланып қалған проблемалар азайды. Сонымен бірге бір нәрсені ескеруіміз қажет. Бізде тұрмысы төмен отбасыларына коммуналдық қызмет үшін бюджеттен өтемақы беріледі. Нарық жағдайында бұл халық үшін үлкен қолдау екенін ұмытпағанымыз абзал.

Ал Шығыс Еуропа елдеріне келсек, олар 1945 жылға дейін нарық экономикасымен өмір сүрді. 1990 жылы нарыққа қайта көшкенде ырғалып-жырғалу болмай, сілкіністерге жол берілмей, кез келген тосын құбылыстарды көтеруге дайын келді. Айырмашылығымыз осында. Шетелде коммуналдық жүйесі ортақ бірнеше отбасына арналған үйдің бір пәтері сатылатын болса, жаңа қожайын көршілерінің қандай екенін сырттай бақылайтын көрінеді. «Олардың төлем қабілеті қандай?» деген сауалдың жауа-бын іздестіретін болғаны ғой. Біздіңше, бұл – жылдар бойы қалыптасқан дағды. Ендеше біздің тұтынушылар мәдениеті уақыт өте келе қалыптасатын шығар деп ойлаймын.

Сөз соңында жыл басынан реттелетін коммуналдық қыз-меттердің жылуға және электр қуатына қатысты бағаларынан басқалары қолданатынға дең-гейде қалғанын тұтынушы-лардың есіне сала кеткім келеді. Департамент өз кезегінде тұ-тыну бағаларының негізсіз өспеуін ұдайы қадағалайтын болады.

Әңгімелескен Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

PS:

Өтегенова Гүлмира Сейітбекқызы 1966 жылы Қызылорда қаласында туған, 1987 жылы Қарағанды кооперативтік инсти-тутының тауар жүргізу және азық-түлік тауарлары саудасын ұйымдастыру бакалавры мамандығын бітіріп, еңбек жолын Жалағаш ауданы тұтынушылар одағында тауартанушы болып бастады. Жалағаш ауданында кооперацияларда төраға орынбасары қызметін атқарды. 1995 жылдан Қызылорда облысы монополияға қарсы салада, табиғи монополияларды реттеу саласында 1 санаттағы маман, бас маман, бөлім бастығы, басының орынбасары қызметтерінде болды. Кейін ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің облыс бойынша департаментінің басшысы болды.

Қазір ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи моно-полияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы болып қызмет атқарады.

Өткен дәуірлердегі Жанақ, Түбек, Кемпірбай, Шөже, Сүйінбай, Орынбай, Шернияз, Нұрым, Бақтыбай, Қашаған, Молда мұса, Манат қыз, Ырысжан, Біржан, Сара, олардың кейбірімен замандас болып, соларды пір тұтқан, олардың өнерін жалғастырып, кейінгі ұрпаққа жеткізген, Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей, Нартай, Кенен, Саядл, Будабай, Иса, т.б. көптеген ақындардың айтыстары ауыз әдебиетінің үлгісі ретінде жинаушылар тарапынан хатқа түсіп, талай рет жинақ болып басылып шықты және әдебиет зерттеушілерінің назарына ілікті.

Алайда, қазақ айтысының тілдік тұрғыдан зерттелуі кемшін екені анық. Расында, әр дәуірдің айтысы өз кезеңінің насихатшысы, сол дәуірдегі халық тұрмысының айнасы десек, соған байланысты қолданысқа түскен сөз саптау ерекшеліктері де болды және бұл ерекшеліктер көбінесе лексикалық тілдік бірліктерден айқын аңғарылып отырды.

Мұның өзі сол кезеңдердегі айтыстың мақсат-мүдделерінен туындайды. Бұл жөнінде белгілі ғалым Р.Сыздық: «Үлкен айтыстарда ақындар қарсыласын жеңу үшін тек тақырып, факт, логика, аргумент мықтылығын ғана көздеп қоймайды, сөз-образдардың орынды, әсерлі әрі соны болуына да қам жейді. Ол үшін тілдік-көркемдік дүниенің дәстүрлі түрлерін пайдаланумен бірге, жаңаларын да тудыруға тырысады...», – дейді.

Міне, осындай пікірлерден кейін айтысқа қатысқан ақындардың (олардың қай топтың өкілі екеніне қарамастан) жеке-кейі де, ортақ та сөз қолданыстарының болуы заңды деп есептейміз.

Әрине, қай айтыстың да арқауына халқымыздың тіл қазанында ғасырлар бойы қайнап піскен байырғы төл сөздеріне – айшықты эпитеттер мен терек мағыналы теңеулер, ұлқа тән ұлағаты мол мақал-мәтелдер мен шешендік сөздер, тіпті халықтың ауызекі тілінде ғана қолданылатын, айтыскердің жеке басын немесе айтыс уақиғасына кейіпкер болғандарды кемсітетін дерекілеу сөздер де орнын тауып қолданылып жатады. Алайда, мақаланың мақсаты осы ерекшеліктердің бәрін егжей-тегжейлі баяндау емес және қай ақын жеңді, қай ақын жеңілді, қайсысы кімді жақтады, айтыс қандай жағдайда, қашан, қай жерде болып еді дегенді анықтау да мақаланың мақсатына жатпайды.

Қазіргі қазақ тіл білімінде тілді зерттеудің қалыптасқан қолданымы-қазақ-тұлғалық жүйесін «антропозентик парадигма» жүйесі ауыстыра бастағаны белгілі. Нақтырақ айтқанда, «... тілдің табиғатын адамның мәдени, рухани, әлеуметтік, психологиялық болмысымен, оның қимыл-әрекетімен ұштастыра талдаған қазақ ғалымдары соңғы кезде таным мәселесіне ерекше назар аударып, «ұлт пен тіл біртұтас» деген қағидаға сәйкес қазақ тіл білімінде антропозентик бағыты қалыптастыруда», – дейді ғалым Ж.Манкеева. Тілді осындай жаңа бағытта зерттеушілердің қай-қайсысы да зерттеудің қайнар көздерінің біріне фольклорлық шығармалар мен қазақ ақындарының шығармаларын жатқызады. Екі ғасырдың куәсі болып, 100 жасаған жыр алыбы Жамбыл айтыстарының мақала нысаны етілуінің себебі де осында.

Жамбылмен айтысқан ақындардың қай-қайсысы да сол заманның, өз ортасының тұлғалары, бәрінің қолданатыны – қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптастырған тіл байлығы мен сөз өрнегі. Сол арқылы біз халқымыз тарихының XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы әлеуметтік, экономикалық, тұрмыс-салттық, дәстүрлік, тілдік үрдісін танымыз.

Мәселен, Жамбыл мен Құлмамбет айтысында Албан, Дулат, Ысты, Шапырашты сынды ұлы жүз руларының аттары аталады. Олай болатын реті де бар, өйткені ол кезде қазақ халқы құрайтын әр әлеуметтік топтардың сөзін сөйлейтін, оларды қалың



● ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – 175

АДАМДЫҚТЫ АЙТ, ЕРЛІКТІ АЙТ...

Айтыс – қазақ халқына Алланың берген ерекше сыйы, ұлттық белгісінің бір көрінісі іспетті. Олай деуімізге негіз бар. Кезінде С.Мұқанов ауыз әдебиетінің бұл түрін: «Айтыс – халық өмірін бейнелейтін көркем әдебиет саласының бірі. Одан халықтың қуанышы да, қайғысы да, саяси-шаруашылық тұрмысы да, мәдени дәрежесі де, замана идеологиясы да, әдет-ғұрпы да, жалпы әлеуметтік және жеке адамдардың қарым-қатынастары да, заманына лайық өрбіген тартысының формалары да көрінеді», – деп сипаттаған болатын.

жұртқа танытатын, бұрынғы кездерден қалыптасқан дәстүр бойынша «сарай ақындары» тәрізді өз ақындары, от ауызды, орақ тілді шешендері, шежірешілері болған. Міне, осылардың ауызы арқылы қазақ шежіресінің белгілі бір тармақтарының бізге жетіуі кейінгі ұрпақ үшін де маңызды. Өйткені, атам заманнан қалыптасқан қазақтың қайдан шыққанын, оның туыстық қатынастарын айқындайтын шежірелер халқымыздың бірлікте болуының, өз жерін сыртқы жаулардан қорғауының, жер дауы, жесір дауы тәрізді ішкі кикілжіңдерді дұрыс шешуінің кепілі болып келді.

Шежірені «Елтану мектебі» деп атаған бірегей ғалым А.Сейдімбаев: «Шыншыл тарих жазу үшін ең алдымен деректемелерге (источники) мұқият ден қою керек. Ал, деректемелер санатына тарихи айғақ-деректің бәрін жатқызуға болады... Осылардың ішінде қазақтың шежірелік мұрасы өзінің тарихи деректерге қанықтығы мен шыншылдығы жөнінен құнды. Қазақ халқының тарихын зерттеу барысында дерек көз ретінде шежірені асыра дәріптеу әбестік болса, оны мүлде қалғерге алмау топастық болар еді», – дейді.

Айтыста Албан мен Дулат атынан сөйлеген Құлмамбет осы рулардың айтысшылығын ондағы байлардың малының көптігіне сүйену арқылы көрсетуге тырысады. Айтысқа төрт түлік малдарының молдығымен кейіпкер болған Қасқарау Нұрқан, Бектембай, Тарпаң, Тоқсейіт, Ниязбектің Сәрсембайы, Өтегеннің Нұрқаны, Тілеуқабыл, Үсембай, Көбікбай, Қарабай тағы да басқа толып жатқан кісілердің (антропонимдер) байлығын шеберлікпен асыра жырлаған ақының өзіннен біз қазақ халқының (байдың да, кедейдің де) сол тұстағы жағдайын: біріншіден, феодалдық қоғамнан шығып болмаған әлеуетін, екіншіден, әлеуметтік те, экономикалық та тіршілігінің малға байланыстылығын, үшіншіден қазақ даласының осыншама кеңдігі де, оны сақтап қалу да малмен тығыз байланысты болғанын танымыз. Айтыста сол мыңғырған малды қойнына сыйғызып жатқан Жайылмас, Қасқарау, Қарқарау, Телдітай, т.б. жер су атаулары да (топонимдер) молынан аталған. Нақтырақ айтқанда, сол тұстағы қазақ малының көптігімен ғана қазақ бола алды деуге болады.

Ал Кеңес үкіметі халықты тапқа бөлмейді, теңестіреміз деген желеумен қазақты осы байлығынан айыру арқылы сағын сындыруға, өзіне тәуелді етуге тырысты. Егер қазіргі саясат тұрғысынан келгенде сол аталған

байлардың ұрпақтары осы айтыстармен танысу арқылы ата-бабасының жоғалған рухын іздеуге, солар өмір сүрген жерлерді атамекен ретінде ұлықтауға құқылы. Сондықтан кешегі күні бізге жат болып көрінген «байшыл ақын» Құлмамбет те өз заманының шындығын жырлаған ақын ретінде танылуға тиіс.

Құлмамбетпен айтысып жеген «кедейшіл ақын» Жамбыл болса, сол кезеңдегі байларға «құл», «күн» ретінде қызмет еткен басым көпшілік қазақтардың жырысы ретінде, әсіресе жер үшін күрескен қазақ батырлары мен ел қамын жеген азаматтарды тілге тиек етуі арқылы қалың қазақ кедейлерінің ақыны ретінде танылғаны белгілі.

Айтыс кезінде Жамбыл қарсыласының ыңғайына қарай аруақты Қарасай бабасын ұран еткен өз руының байлығын жалпылай ғана айтады да, негізінен ел ішінен шыққан атақты Сұраншы, Саурық, Сыпатай, Қалқаман, Тақаман, Кіжік, Байтелі, Камен, Дәулет, Жәлек, Мырзабек, Әлі, Нұрабай, Қылыбайұлы Қожабай, Өтеген, Қазыбек, тағы да басқа ел қорғаны болған батырлығымен қоса, байлықтан да құралақан емес, ағайынға қамқорлығын аямайтын жомарт жандарды жығға қосады. Жамбыл қарсыласының мысын басу үшін осындай тұста аруақтану, құдай берген тіл шеберлігін, сөз мәйегін еркін қолданады. Ақынның басымдығы:

...Адамдықты айт, ерлікті айт,
батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтайтын
татулықты айт...

...Елімің ерлігімен мақтанамын,
Сырт дұшпан көрген
бізді сескенеді...

...Елді қорғап өлгеннің арманы не,
Қалың қазақ құрметтеп соңына
ерген... – деген тәрізді шумақтарынан айқындалады.

Жамбыл жырына арқау болған, туған жер мен елді қорғау жолында өздерін құрбан еткен батырлардың бірсыпырасының (Қарасай, Саурық, Сұраншы, Сыпатай) кейінірек болса да қазақ тарихынан өз орындарын тапқаны және кейінгі жас ұрпақты ел сүю, отан қорғау рухында тәрбиелеуде үлгі етіліп жатқаны белгілі. Алайда, ақын атаған көп ерлер және олардың ұрпақтары жөнінде мәліметтің жоққа тән екені де рас. Оларды іздеу, зерттеу, тарих сахнасына шығару – ендігі жас ұрпақтың, сол батырлардың ұрпақтарының міндеті. Өйткені, бұл ерлер – халқымыздың жүріп өткен тарихының бір кезеңіндегі шындық бейнелер. Мұндай бейнелер Жамбылдың

Досмағамбетпен айтысында да кездеседі. Ақын өзіне дейінгі және өзіне тұстас, замандас ақын-жыраулардың (Шөже, Балта, Асанқайғы, Бұқар жыраулармен Құлмамбет, Түбек, Қарқабат) аттарын тілге тиек ете отырып, өзінің ұстазы болған Сүйімбайды «пірім» деп көрсетеді және сол ақындардың ісін жалғастырушы өзі екенін баяндайды.

Осы айтылғандардан шығатын қорытынды – сырттай қарағанда, ақындар бұл есімдерді өздерінің жеңісі үшін пайдаланған сияқты көрінгенімен, шындығында есімдер иесінің қай-қайсысы да бірі байлығымен, бірі ақындық, жырышылық, шешендік қабілетімен өзі өмір сүрген қоғамның қозғаушылары, сол қоғамның қызметшісі болғандар. Егер осы есімдер аталмаса, «айтыс» деп аталатын халық мұрасы да нәтижесіз бермеген, тіпті жүзеге аспаған да болар еді.

Жамбыл айтыстарында кездесетін атаулардың тағы бір түрі – кейінгілер үшін мағынасы түсініксіз немесе қазіргі қолданыста көп кездеспейтін сөздер. Олардың бірсыпырасы ескірген не ескіре бастаған, не авторға тән жеке қолданыстар немесе диалектілік лексемалар да болуы мүмкін. Бұл жөнінде: «...XV-XIX ғасырларда жасап өткен жыраулар мен ақындардың өлең-толғауларындағы көне, ескі, бейтаныс сөздерді талдау мәдени мұраны іздеуде көп материал береді», – дей келіп, академик Р.Сыздық мұндай сөздерді ажыратып талдаудың өзі көп білімді, ұзақ уақытты қажет ететіндігін ескертеді. Сондықтан ондай талдаулар жүргізу бір мақаланың көлеміне сыймайтындығын ескеріп, Құлмамбетпен айтысқан кездегі Жамбыл тілінде кездесетін бірсыпыра ерекше сөздерге тоқталайық.

Салғыр (Қызғанша айғай шығып едім салғыр) – қазіргі әдеби тілдегі салғыр сөзінің баламасы. Оны сөйлемнің мазмұнынан байқау қиын емес. Яғни, «қарсыластың сөзіне салғыр (немқұрайды, селқос, қалай болса, солай) қарап отыр едім» деген мағынада айтылған сөз. Мұны жеке авторлық қолданыс десе болады.

Делбе сүзек (Делбе сүзек кісідей шалықтамай) – ауру атауы (сүзек ауруының бір түрі) екені түсінікті болғанымен, делбе сөзінің мағынасы дәл осы қолданыста екінің біріне түсінікті болмауы мүмкін. Сөздікте осы сөздің екінің мағынасы малды жындандыратын (құтырталтын) жұқпалы ауру деп берілген. [7] Әрине, бұны қазір тек мал шаруашылығымен айналысатын мамандар ғана біледі. Ал бұрынғы кезде тіршілігі малмен байланысты кез

келген қазақ білетін болған. Жамбыл қарсыласының психологиясын аурудың екі түрін қабат қолдану арқылы білдірген.

Төтейін (Қалай айтсаң олай айт, Құлмамбет саған төтейін) – бұл да ақынның өзіне тән қолданыс екендігі анық: «төтесінен айттайын» деген тіркес құрамындағы екі сөздің бірінің түбірін, екіншісінің қосымшасын біріктіріп бір сөз етіп қолданған. Олай қолданудың да өзіндік мәні бар: алдыңғы мәтінде айт сөзінің бірнеше рет қайталануы келуі сөзді осылай қысқартып қолдануға (тілдік экономия) алып келген.

Кіреуке (Ақ кіреуке жамылғы) – бұрынғы батырлардың жаудан қорғану үшін киетін темірден тоқылған киім, сауыт. Көбіне көркем әдебиетте ғана кездесетін ескірген сөз.

Садақ, қылыш (Садағын белге байлап, Жауға қылыш сермеген) – екеуі де ертедегі батырлардың жауға жұмсар негізгі қарулары. Кешегі күнге дейін бұл қарулар көнерген сөздер қатарында келді. Қазір садақ қару емес, спорттық құрал түрін, көпшіліктің бейбітшілікте қолданатын құралына айналды. Қылыш та қарулық міндетінен айырылып, әскери шерулерде, мемлекеттік жиындарда лауазымды сардарлар ұстайтын экзотикалық құрал болып қалды.

Ескек (Мен сөйлесем қаларсың Ашылмас тұман ескекке) – бұл сөздің мағынасы да, дәл осы қолданысында екінің біріне түсінікті бола бермейді. Себебі сөздің жұртқа таныс екі мағынасы бар: бірі – қайықты жүргізетін құрал, екіншісі – желдің түрі (ескек жел) – салқын самал, жайлы жел. Ақын осы сөзді тұман сөзімен тіркестіре айту арқылы «тұман болып, жел соқпаса тұман тарқамай, жолдан адастындығын» мензеп айтқан тәрізді.

Мұндай мағынасы көмескі сөздер Жамбылдың қарсыласы Құлмамбетке де баршылық. Бірнешеуіне тоқталайық. **Шеттік** (Көптікті айтсам үземін шеттігіңді) – бұның сөздікте бірнеше мағынасы бар. Соның ішінде мағына қаныған жақын келетіні – ерлік, деректілік, оғаштық. Оған себеп – алдыңғы жауаптасуда Жамбыл Құлмамбетке «Ағып жатқан сумен кет», «Қызарып батқан күнмен кет», «Қу пәлекет, арман кет», «Таз Құлмамбет сен болсаң» деген тәрізді намысқа тиер сөздер айтқан болатын. Бұны да «ерсілігіңді, деректілігіңді басамын» деген мағынадағы көнерген сөз деп есептеуге болады.

Өттік (Ерлікпенен көрсетпе өттігіңді) – көнерген сөз. Сөздікте өтті сөзінің желге қатысты айтылатын бір ғана түсінігі өтті жел – суық жел деген түрде берілген. Біздің ойымызша, мәтіннің мазмұнына қарай, сөздің мәні өткір сөзінің негізі болатын деп сөзінің мағынасына қатысты айтылған болар деп ойлаймыз. Сонда сөз мәні «ерлігің деген өткірлігіңді айттып мақтанба» дегенге саятын тәрізді. Яғни, жоғарыда айтылғандай, Жамбылда кездескен сөзді ықшамдап қолдану әрекеті Құлмамбетке де бар деген сөз.

Қорыта айтқанда, Жамбыл және оның тұсындағы халық арасынан шыққан ақындардың қай-қайсысы да өз заманының шындығын жырлай отырып, сол кезеңдегі тыңдаушы ортаға ортақ, солар еркін қолданатын тілдік бірліктерді қолданды. Бұл қолданыстар өз кезегінде кейінгі ұрпақты сол дәуірдегі ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігінен хабардар етумен бірге, олардың тарихтағы орны мен рөлін айқындау бағытындағы ізденістерге жол ашады. Нақтырақ айтқанда, алдағы уақытта айтыстардың кешегі мен бүгінгі түрлерін қазақ тіл ғылымына еніп жатқан жаңа бағыттар мен теориялар негізінде жан-жақты салыстыра талдай зерттеудің нысанына айналдыру қажет-ақ. Бұл тілші ғалымдардың еншісінде екені анық.

Женіс СӘДУАҚАСҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құрметті профессоры

Бағланова – біздің мектептің түлегі

Роза Бағланова 1922 жылдың 1 қаңтарында Қазалы қаласында дүниеге келді. Тәжібай мен Аққүршіт «бары да, нары да» жалғыз Роза болды. Анасы Аққүршіт даусы әсем әнші болып, жиын-тойлардың сәніне айналған көрінеді. Әкесі Тәжібайдың екі әйелі болған, бірінші әйелі татар қызы – Мариям құрсақ көтере қоймағасын, шешесі Күндеші екінші рет үйлендіріп, осы Аққүршіт алып берген. Мариям да бала көтеріп ұл туса, Аққүршіт Үрбінби туады, кейін Роза деп аталып кетеді. Мариямнан тетелес туған бауыры Ыдырыс соғыста хабар-ошарсыз кетеді. Анасы Аққүршіт 1965 жылы 65 жасында қайтыс болды. Көз жұмар алдында: «Қарғам, араным жоқ, он баласы бар адамдар да мұндай бақытқа қол жетпеген шығар. Басыңнан бақ, астыңнан тақ кетпесің! Ризамын, халқыңның сенімін жоғалтпа!» деп бастасын берген екен.

Қазалыдағы Жанқожа батыр атындағы №70 мектепте ұлы әншінің оқығаны – ұжым үшін мақтаныш. Мектепте Розаға ән сабағынан дәріс берген Ырзахан Жәлімбетов те тегін адам емес еді. 1939 жылы облыстың 14 өнерпазын бастап апарған Нартай Бекежановпен бірге Москвадағы бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістігінің көрмесіне қатысып, Кремль сарайында ән салған ұстаз болатын. «Ұстазы мықтының, ұстамы мықты» деген рас. Ырзахан ағайын Роза да ұмытқан емес, Қазалыға келген сайын концерттіне шақырып, алдыңғы қатардағы орындарға отбасымен бірге отырғызатын.

1961 жылы Қазалыға келгенде Ырзахан ағайын, әйелі Қанбibi мен қызы Қаламқасты, Ырзаханның жиен қарындасы Бержанова Зерханды Алматыдағы үйіне қонаққа шақырды, бір апта

қыдыртқан болатын. 1939 жылы мектеп бітірерде, тамаша табиғи дауыс иесі Розаға: «сенің даусың ерекше, сенен жақсы әнші шығады, оқуға түс» деп кеңес береді. Сол жылы Қызылорда қаласындағы педагогикалық институтқа оқуға түседі. Әкесінің қайтыс болуы, жұмыссыз екі шешесінен басқа ешкімі жоқ, Розаға оқу қиын еді. Ол кезде студенттерге стипендия берілмейді, үйінен келетін қаражаты болмағандықтан 1941 жылы ақпанда Ташкентте тұратын Әбдірахман деген жамағатына екі шешесімен көшіп барып, сондағы тоқыма комбинатына жұмысқа тұрып, тоқыма-тоқу институтының кешкі бөліміне оқуға түседі. Осы кезде Розаның тағдырына күрт өзгеріс әкелген кездесу болды. Аға-жеңгесі жоқта ауланы сыпырып, ән салып жүргенде шарбақтан ұзын бойлы қара кісі кіріп: «кім ән салған?» деп сұрайды. Роза ұялқырып, «мен» дейді. «Ертең филармонияға кел» деп мекен жайы көрсетілген қағазды ұсынады. Бұл кісі Ташкент филармониясының директоры Қары Якупов еді. Осылайша Роза бір күнде филармония әншісі болып шыға келді. Осы филармонияда өзі сияқты кейін КСРО Халық артисі реті атанған биші Тамара ханум, әншілер Халила Насырова, Мукрама Тұрғынбаева, Гауһар Рахимовалармен өнердегі жолын бірге бастайды.

1941 жылдың мамырында Ташкентте мақта теруші еңбеккерлердің құрлытай съезіне қатысушыларға арналған салтанатты концертке Роза қатысып, қазақ, өзбек әндерін орындайды. Осы концертті көрген Өзбекстан Компартиясының 1-ші хатшысы Осман Юсупов Розаны үйіне қонаққа шақырады. Бұл туралы Розаның өзі бойлы деп еске түсіреді: «Адам бақытты болайын десе, жұлдызы оңынан туып,

қамқор жандарға тап болады екен. Осман ақаның үйіне қонаққа барсақ, бүкіл отбасымен күтіп отыр екен. Төбем көкке жетіп, өз әкем тіріліп келгендей болдым. Бұл дүниеде менде ел қатарына қосылып, ЦК-ның 1-ші хатшысының үйінде қонақ боламын деген ой үш ұйықтасам да түсіме кіріп пе? Сонымен Осман ақа маған жағдай жасады, қаланың дәл ортасынан бес бөлмелі үй беріп, қажетті дүниелер, пианино, сахнаға киетін киімдерге дейін көмектесті».

Бұл бақытты күндер ұзаққа созылмады, соғыс басталып кетті. 1941 жылдың 17 тамызында Ташкент вокзалында майданға аттанып бара жатқандар алдында концертке қатысып, «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген Сталин үндеуіне өзінің үлесін қоса алатынына сенді.

1941 жылдың қыркүйекте 1945 жылдың мамыры аралығында Ташкент филармониясы атынан әр түрлі майдандарда концерт беріп, «жақсы ән – жан азығы» дегендей жауынгерлердің бойында жеңіске деген жігерін арттыруға өзінің үлесін қосады. Қыстың қақаған аязында, күздің қара суығында алдыңғы шептегі бомбалардың жауына қармастан, ән салған еңбегі еш кетпеді. 1943 жылдың 30 сәуірінде Кеңес Одағының Маршалы, Кеңес Одағының екі мәрте Батыры И.С.Конов «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалін өз қолымен табыс етті, 1945 жылдың 22 ақпанында Кеңес Одағының Маршалы, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры К.К.Рокоссовский екінші рет «Жауынгерлік ерлігі үшін!» медалін Розаның кеудесіне тақты.

1945 жылдың 9 мамырында Берлиндегі Бранденбург қақпасы алдында ашық алаңда өткен атақты концертке қатысқанының өзі неге тұрады. Орыс

халқының атақты әншісі Лидия Русланова өзінің репертуарындағы «Ах, Самара городок» әнін менен гөрі сен жақсы айтасың деп, Розаның еншісіне беруі шын талантты бағалауы емес пе?!

1943 жылдың көктемінде алдыңғы шепте жауынгерлерге аң салып тұрғанда жау атқылаған снарядтың жарықшағы көз алдынан зулап өтіп, металл қызу Розаның көзін шарпып кетеді. Дәрігерлер көмек көрсеткенімен, «бұл зақым кейін сыр беруі мүмкін» деп ескертеді. 1979 жылы 13 желтоқсанда Петропавлда гастрольде жүргенде екі көзі тас-қараңғы болып көрмей қалады. Сол кезде «Роза бетінің әжімінен тарттырамын деп операция жасатып, екі көзі көрмей қалыпты» деген қауест тарағаны оқырмандар есінде шығар деп ойлаймын. Алматыдағы Республика Сарайында жоспарлануы қойған концертке де «халықтан ұят болады, мен концерт бағарламасында бармын ғой» деп ән салғаны туралы жерлесіміз, сазгер Кеңес Дүйсекеев: «Сахнаға прожектор жарығын түсіріп, жүретін қадамына дейін санап бердік, сол өшпеген жерде ғана әрі-бері жүріп, өз номерін тамаша орындап шықты» деген еді. 1980 жылы Москвадағы С.Федоров клиникасында 3 рет операция жасатып жарық дүниені қайтадан көретін болды.

Соғыстан кейін Москвада жоғары партия мектебінде оқып жүрген ақын Жұбан Молдағалиев Ташкент филармониясында ән салып жүрген талантты қазақ қызы барын естіп барады. Концерттен сон: «Өзбек жерінде не бітіріп жүрсің, Алматыға қайт, мен жоғары жаққа қағаз жазайын. Қазақтың сендей қызы басқа елде жүрмеуі тиіс» – дейді. Қазақстан басшысы Жұмабай Шаяхметовтың ықпалымен Роза Бағланова елге біржола келді. 1947-1949 жылдары Абай атындағы опера және

балет театрының әншісі, 1949-1960 жылдары мемлекеттік филармония әншісі болды. 1960 жылдан бастап республикалық «Қазақконцерт» бірлестігінің құрамында, кейін жеке өзі бөлініп шығып, Америка, Азия, Еуропа, Африкадағы көптеген елдерде концерт беріп, қазақ әндерін әлемге танытты.

Халық алындағы еңбегі еленіп, 1950 жылы «Ленин» орденімен, 1955 жылы Қазақ КСР-нің халық артисі, 1967 жылы КСРО халық артисі атанды. 1970 жылы «Еңбек Қызыл Ту», 1982 жылы «Халықтар достығы» орденімен марапатталып, қазақ қыздарының ішінде бірінші болып 1996 жылы Халық Қаһарманы атанды. Сол жылы Қырғызстанның Халық артисі атағына ие болды. 2000 жылы халықаралық «Дәнекер» сыйлығымен марапатталды. 2002 жылы дүниежүзілік «Қто есть кто?» энциклопедиясына есімі енгізілді. 70 жыл сахнадан түспей, қазір елді дүниежүзіне танытқан Роза Бағланованың Сыр елінің, оның ішінде біздің мектептің түлегі екені – әрине, мақтаныш.

Туған елі өздерінің ұлы әншісін есте қалдыру мақсатында көптеген іс-шараларды іске асырып келеді. Роза Бағланованың Сыр елінің, оның ішінде біздің мектептің түлегі екені – әрине, мақтаныш.

Міне, мұның бәрі қазақ қызының бойындағы ерекше қасиеттің сәулелі сәттері нәм өскелең ұрпаққа өнеге өрісі.

Бақытжан АБДУЛ-ТҮМЕНБАЕВ,
Жанқожа батыр атындағы №70 мектептің тарих пәні мұғалімі

Жанынан жылу таратқан

Көктем мерекесі қарсаңында облыстық әйелдер кеңесі сол жағалаудағы «Болашақ» университетінің жаңа ғимаратында ақ жаулықты аналардың, әр салада еңбек етіп жүрген қыз-келіншектердің, Батыр аналардың басын қосып, құрмет көрсетті. Кездесу үлкендердің ұлағатын ұлықтау, еңбекпен көгеріп-көктем аналардың жолын үлгі ету сипатында өтті.

Ақын, ардагер ұстаз Сәнімкүл Желдербаева, мемлекет және қоғам қайраткері Бақберген Досмаметов тіршілік ояған кездегі мерейлі мерекенің маңызын атап өтіп, жиналған жұртшылыққа ізгі тілегін арнады. Кезінде біырай Жақаевтың үндеуімен комсомол-жастар бригадасын құрып, күріш еккен, Кәмшат Дөнөнбаеваның «Қыздар – техникаға!» деген ұранына үн қосып, трактор айдап, жер жыртқан Ырысты Өкшебаева – бүгінде ұрпағының жақсылығына кенеліп отырған жан. Жер жыртудан Краснодарда, Челябинскіде, Чехословакияда,

Башқұртстанда өткен жарыстардың барлығында жеңіске жеткен. Жарыстардың жүлдесі – өзінің есімі жазылған «К-700» тракторын, «Урал» мотоциклін, «Москвич» автокөлігін иеленген. «Ленин» орденінің иегері, Сырдария ауданының құрметті азаматы.

– Адал еңбек пен маңдай теріміз бізді биікке жеткізді. Ел ағалары сенім артып, талабымызға қанат бітірді. Бүгінгі зейнетіміз – жас кездегі көрген бейнетіміздің өтеуі, – деді ол өзінің құттықтау сөзінде.

Бұл кездесуге еңбек ардагері, 40 жыл еңбек жолында алдымен жанармай таситын көлік айдаған, кейін күрішшілер бригадасының бригадирі болған, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері Райкүл Жалғасбаева да келді. Жастық жігерін еңбекке жұмсаған Әзія Қыстаубаева мен Айша Наубаеваның да айтары мол.

– Ол кезде қазіргідей емес, бірнәрсенің айналасындағы руліне отырады. Жұмыс қиын, отбасындағы жауапкершілік тағы бар. Науқан кезінде жұмысымыз екі есе ауырлайды. Бірақ,

алған бетімізден қайтпадық, – дейді олар. Емен-жарқын әңгіме үстінде ұрпақ тәрбиесі туралы да келелі ойлар айтылды.

Қоғам қайраткерлері Алмагүл Божанова, Дариға Ақмағамбетова Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына аналар қосқан үлестің қомақты екенін атап өтті. Облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Райкүл Байназарова жиналғандарға ізгі лебізін білдіріп, марапат тапсырды. Көңілдерге көктем шауғын себелейтін әсем әндер шырқалды.

«СБ» ақпарат

наурыз – халықаралық әйелдер күні



Батыр ананың батыр қызы

Ана болу – бір бақыт, көпбалалы ана болу – ерлік. Қызылорда қаласының тұрғыны Жібек Жақсыбалаева 9 перзенттің анасы, жасы 38-де. 28 жасында өмірге егіз қызын әкеліп, «Алтын алқа» иегері атанған. Бақытты отбасында жақында тағы бір перзент өмір есігін ашады.

Sb Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»



– 21 жасымда тұрмысқа шығып, бір жылдан кейін тұңғыш қызымды дүниеге әкелдім. Қазір жасы 17-де. Аружан педколледждің 3-курс студенті. Грантпен білім алып жатыр. Екінші ұлым Дамир «Ұлағат» колледжінің 1 курсында оқиды. Жолдасым Берік Сарбасов – құрылыс саласының маманы. Өте балажан кісі. Қолы қалт етсе, балалардың сабағына көмектесіп, керек-жарағын түгендеп, қолғабыс

етеді. Қызылорда университетінің «мұнай-газ» мамандығы бойынша бітірдім. Бірақ тұрмысқа шыққаннан кейін әйел адамның жұмысы от басы, ошақ қасы екенін түсіндім. Араға 1-1,5 жыл салып сәбилерім өмірге келді. Бала тәрбиесі мен күтпелі үлкен жауапкершілікті талап ететіндіктен үйде отыруды жөн санадым, – дейді ол.

Жібек балаларының көпшілігін бір-бірімен тату, бауырмал екеніне қуанады. Бала-

лары шетінен өнерлі. Оқуда озып. Егіз қызы – Кәмила мен Карина зерек, екінші сыныпта оқиды. Балалардың екеуі студент болса, алтауы мектепке барады. Ал, үш жарым жасар Әмина балабақшаға баруға талпынып жүр.

– Бастапқыда қиын болды. Аралары жақын болғандықтан үлгермей жататынымын. Кейін үлкендерім есейіп, кейінгілеріне өздері қарады. Менің анам – 19 құрсақ көтерген Батыр ана. Көпбалалы отбасында тәрбиеленгендіктен, өзімнің де көп баламның болғанын қаладым. Бұл тілегім де орындалды. Қазір шүкір, бақыттымыз. Еліміз ана мен балаға қамқор. Әлеуметтік қолдау бар. Жәрдемақы беріледі, көпбалалы аналарға жасалған барлық жеңілдіктерді пайдаланып отырмын. Мектеп ұжымы да балаларымның керекті құрал-жабдығын, формасын түгендеп береді. Онлайн кезінде планшет алдық. Балалардың үйден оқуына барлық жағдай жасалды, – дейді ол.

Жібекке жас аналардың сұрағы көп. Көпбалалы ананың оларға берер жауабы – біреу. «Әр баланың өз несібесі бар». Қазақ «Бір қозы туса, бір түп жусан артық шығады» демеі мен мұндайда. Көпбалалы ана әлі де перзент сүюден қашпайды.

Бірлігі жарасқан отбасы осыдан біршама уақыт бұрын үй кезегіне тіркелген. Биыл қуанышты жаңалық болатынын жеткізді. Алтынқұрсақты ананың жаңа баспанасында 10-шы перзенттің құшағына алсам деген үміті бар.

Әйелдердің іскерлік әлемі

Мемлекетіміз Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде әйелдердің белсенділігі артып, өздерінің кәсіби және шығармашылық әлеуеттерін жүзеге асыратын мүмкіндіктерге жол ашылды. Бұл – Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мемлекеттік саясатқа ұдайы мән беріп, ана мен баланың әлеуметтік қорғалуы, отбасы құндылықтарының маңыздылығына назар аударуы мен қолдауының нәтижесі.

Кейінгі уақытта әйелдер мен ер адамдардың қоғамда құқығы мен мүмкіндіктерінің тең болуы үшін жасалған шаралар легі көбейуде. Олар әлеуметтік мәселелердің шешімі табуына атсалысып, еліміздің даму болашағына өзіндік үлесін қосуда ерекше белсенділік танытуда. Сәйкесінше, әйелдердің саясаттағы мүмкіндігі артты.

Облыста 812 мыңнан астам тұрғын болса, оның 405 мыңға жуығы, экономикалық белсенді халықтың 217 мыңнан астамы әйелдер. Сондай-ақ, медицина қызметкерлерінің 87%-і, педагогтардың 73%-і жалпы бюджеттік сала қызметкерлерінің 60%-і «нәзік жандар».

Биыл елімізде өткен саяси науқанда сайлаушылардың сенімін иеленген 27 депутаттың 8-і, «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясы жаңа құрамының 45%-і әйелдер. Партия көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Nur Otan» партиясы сайлауалды партиялық тізімдері арқылы Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттарға 30% әйелдер мен жастар кандидатурасын ұсыну тапсырмасы толық орындалды.

Әйелдердің кәсіпкерлікті дамытуы өз алдына, отандық кәсіптің 50%-не иелік етеді. Экономиканың ірі салалары – көмір, химия, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, құрылыс пен ауыл шаруашылығы саласында да үлесі аз емес.

Кейінгі уақытта еліміздің экономикасын арттырудағы үлесі белсенді бола түскен. Оған дәлел – статистикалық мәліметтер. Облыста әйелдер басқаратын 20 мыңнан аса шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген. Оның белсенді жұмыс жасап тұрғаны 19531-ді құрайды. 2019 жылы 52427 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, оның 19986-сы әйел кәсіпкерлердің үлесінде. «Бизнесің жол картасы-2025» бизнесі қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында 2020 жылы 217 жоба қаржыландырылып, оның ішінде 71 жоба әйел басқаратын кәсіпкерлік субъектілеріне тиген. Ал нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қызылорда қаласында шағын несие беру үшін 17 жоба қаржыландырылса, оның ішінде 5 жобаны әйелдер басқарады.

Қазақстанда қыз-келіншектердің қоғамдағы белсенділігін арттыруда түрлі азаматтық қоғам институттары, үкіметтік емес ұйымдар, клубтар құрылды. Үкіметтік емес ұйымдар әлеуметтік салада көмек көрсетеді, кәсіпкерлікті дамытуға көмек қолын созады. Көшбасшылықты, отбасы құндылықтарын арттыру мен гендерлік білімін жоғарылату, халықтың өсіп-өну, денсаулығын сақтау, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты азайтуда бірқатар шаралар атқарды.

Мысалы, облыстық іскер әйелдер қауымдастығы көпбалалы, жалғызбасты аналарға қолдау көрсету, әйел кәсіпкерлерге жағдай жасау ісінде әрдайым үлкен істерге бастамашыл болып келеді. Қазіргі күні қауымдастық құрамына еліміз бойынша 2000 мыңға жуық әйел енген.

Сондай-ақ түрлі салада белсенді еңбек етіп жүрген әйелдер қауымының басын қосқан «Еңбегі жанған арулар» атты форум ұйымдастырылды. Мұнан бөлек, ауыл әйелдерінің қоғамдағы орнын қалыптастыруға бағытталған түрлі жобалар бар. Былтыр «Бойтұмар ханым» қоғамдық қоры және облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы аналар кеңесімен бірлесіп, «Ақ орман» жобасы өткізілді. Биыл іскер әйелдер қауымдастығы әйелдерге қолдауға бағытталған маңызды жобаларды ұйымдармен бірлесіп қолға алды. Жыл басынан бері Аналар кеңесімен кезекті мәрте «Әке – өмір тірегі» фотожобасын ұйымдастырды.

Ананың басты миссиясы – дүниеге бала әкеліп, ұрпақ тәрбиелеу. Аймақта жылына 18 мыңнан астам сәби өмірге келеді.

Бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербеткен жандар қандай да құрметке лайық.

Манат АЛМАШАЕВА,
облыстық мәслихат депутаты

«Тәжірибем толыса түсті»

Бас ауырып, балтыр сыздаса, ең алдымен, Алладан медет тілеп, онан соң дәрігер көмегіне жүгінетініміз белгілі. Ал пандемия кезінде ақ халаттылардың жүгі тіпті ауырлағаны анық. Индет іліміне іліккен әрбір жанды аман алып қалу үшін басын қатерге тіккен дәрігерлердің ерлігі ештеңемен өлшеуге келмейді.

Sb Айнур БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Қауіпті дертпен күресте қалың көпшілікке көмегін аямаған жанның бірі – Сырдария аудандық ауруханасының кардиологы Гүлзат Тыныштықбаева. Ол 1986 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келген. Сырдария ауданы Тереңөзек кентіндегі О.Абдулпаттаев атындағы №210 орта мектепті бітірген соң М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Педиатрия» мамандығы бойынша білім алған.

Еңбек жолын Сырдария кеңес беру-диагностикалық емханасында жұпқалы аурулар кабинетінің дәрігері болып бастаған. 2014 жылы жалпы тәжірибелік дәрігер қызметіне ауысады. 2017 жылдан бастап осы



ауруханада кардиолог болып қызмет етеді. Пандемия кезінде провизорлық бөлімшеде індетпен күрестің бел ортасында жүріп, талай науқастың өміріне араша болды.

– Былтыр дәрігерлер ауыр кезеңді бастан өткерді. Шілде айынан бастап аудандық ауруханада науқастардың толасыз келуіне байланысты екінші провизорлық бөлімше ашылды. Күніне 11, 15 науқас түсетін. Сол кезде өзімді бейнебір соғыста жүргендей сезіндім. Күн-түн демей, бөлімшеде арнайы киіммен науқастарға көмек көрсету маған да, мейірбикелерге де, кіші буын қызметкерлеріне де оңай соққан жоқ. Бірақ қажырлы еңбектің, ұжымның ұйымшылдығының арқа-

сында, жан-жақтан, аудандық әкімдік, кәсіпкерлер тарапынан көрсетілген көмектің нәтижесінде бұл індетті де жеңіп шықтық. Әлемді жайлаған қауіпті кесел арамдызда жүрегі жылуға, мейірімге толы адамдардың көп екенін көрсетті. Айналасы аз уақытта өміріме азық болар тәжірибе жинадым. Осы орайда мен Тереңөзек кентінің тұрғыны (өзі ештеңе айтпауымды өтінген еді) Фрунзе Оспанованың жанашырлығы мен жомарттығын ерекше айтқым келеді. Фрунзе Тәуіпбайқызы науқастарға және қызметкерлерге ыстық тамақ, айран, жетпей жатқан қажет дәрі-дәрмекті әкеліп беріп, үлкен көмек көрсетті. Ол кісінің қиын сәтте жасаған жақсылығы әлі есімде, – дейді Гүлзат Қапбарқызы.

Гүлзаттай дәрігерлеріміздің табанды еңбегінің арқасында ауруды ауыздықтайдық. Бүгінде өңір «жасыл аймақта». Дегенмен, мамандар әлі де сақтық шараларына мән беріп, аурудан қорғанып жүруге шақырады.



Жолың болсын, жолсерік!


Ұл әкеге жақын, қыз шешемен сырлас келеді. Десе де, әкенің қызына деген қамқорлығын айтып жеткізу мүмкін емес, қыздың әкеге деген сүйіспеншілігін де. Бұған кезекті кейіпкерімізбен тілдесу барысында көз жеткіздік.

Sb Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

Гүлнәр Рахметалиева – «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының «Оңтүстік» жолаушылар тасымалы жөніндегі аймақтық филиалының жолсерігі. Бұл салада ерлермен иық тіресе еңбек етіп жүргеніне биыл 20 жыл толды. Теміржолдың жұмысын, жолаушы халықтың жағдайын, одан бергі кездегі даму үдерісін көзбен көрген жолсерік бала күннен армандаған мамандығынан еш уақытта алыстамаған. Бүгінде «Алматы-Маңғыстау» бағыты бойынша қатынайтын №77 пойызда еңбек етеді. Өзі – Аралдың тумасы. Ең қызығы, осы кезге дейін ерте-кешке қарамай, Аралға 5-10 минут қана аялдаса да, әкесінің келмей қалған күні жоғын айтады. Бұл – әке мен бала арасындағы жылылық пен мейірімнің мысалы.

– Жолсерік болу – жауапкершілік. Ұйқыны жеңген, ауыр жұмыстан аянабайтын, көпшілік көңілін табатын бесаспап болу шарт. Мұнан бөлек, техника тілін меңгеру керек. Жолаушылар арасында түрлі оқиға кездеседі. Ауырып, ем іздеген де табылады. Қонақтан шаршап шығатыны да шаң береді. Солардың көңілін тауып, орнына жайғастыруға жүйке қалың болғаны дұрыс. Вагонның тазалығы, қыстың ызғарлы күндерінде ыстық шайдың қайнап тұруы, төсек-жабдықтың уақытылы таратылуы тағы бар. Бұл ретте бізге мамандыққа деген сүйіспеншілік көмекке келеді. Себебі, уақытымыздың көп бөлігі осы шойын жолда өтеді. Халыққа сапалы қызмет көрсету – басты міндетіміз. Әйел адам үшін ауыртпалығы жоғары осы саланы таңдағанымыз жақындарым маған қолдау танытып, әкемінің әлі күнге дейін перронға келіп: «Қызымды көріп кетейін деп келдім!» деген сөзі жүрегіме жылулық сыйлайды, – дейді ол.

Гүлнәр жұмыс бастаған жылдардағы жағдайды да тарқатты. Шынында, кезінде вагондардың сапасы сын көтермейтін. Оңайлықпен жылымайтын. «Көмір аз беріледі» дегенді естідік. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі жағдаймен сәйкес келмейді. Себебі бүгінгі жолаушылардың басым бөлігі сапаға риза. Пойызға мінгенің, іші кең екенін, қыста жылы, жазда үнемі салқындықшы қосулы тұратынын байқайсың. Бастысы, өз саласында жеткен жетістігі зор Гүлнәр секілді мамандардың тиянақтылығы қуантады. Біздің оларға айтар тілегіміз бір: жолың болсын, жолсерік!



Азамат арқалайтын жүк

«Ана бір қолымен бесікті тербесе, екінші қолымен әлемді тербейді» деген тәмсілдің құдіретіне кім-кім де бас иеді. Нәзік жандылар отбасының ырыс-берекесін сақтап, өскелең ұрпаққа тәрбие берумен қатар, қоғамның сан алуан саласында да белсенділік танытып жүр. Елімізде іскер әйелдер қолдаудан кенде емес. Қолға алған кәсібін кеңейтіп, әр ісін тыңғылықты жүргізетін іскер, ұйымдастырушы әйел «РК Мұнай» ЖШС құрылтайшысы Рәбибі Нұржанованы көпшілік үлгі тұтады.



нан еңбектің бел ортасында өскен кәсіпкер ісі өрге басқанда ең әуелі кіндік қаны тамған жерге мешіт салуды қолға алады. Әкесі Құрманәлі мен анасы Шонан Рәбибіні мектеп бітірген соң, Қызылорда сауда техникумына оқуға түсіреді. Оқу бітірген соң, Қызылорда сауда базасында бухгалтер болып жұмыс істейді. Осы қызметін 10 жылға тарта Шиелі аудандық мұнай базасында жалғастырды.

Н.Назарбаевтың қабылдауында болды. Осы жылдары «Онжылдықтың озат кәсіпкері» облыстық конкурсының I орын жеңімпазы, бірнеше жыл қатарынан облыстың «Үздік кәсіпкері» атанды. Лондон төрінде өткен дүниежүзілік кәсіпкерлер көрмесіне барды, Грузия астанасы Тбилиси қаласында өткен Ұлттық бизнес-рейтингі одағының 38-басқосу салтанатында «Экономика мақтанышы» орденімен марапатталды.

300-ге жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтып, облыстың экономикалық әлеуетін арттыруға үлес қосқан Рәбибі Құрманәліқызының еңбек жолы үлгі етіп айтуға тұрарлық. Мейірімді жүрегін, аялы алақанын қиналған жанға тосатын ол қайырымдылық жасауға қашан да даяр тұрады. Жыл сайын ұйымдастырылатын «Сыр үміті», «Жомарт жүрек», «Жүрек жылуы», т.б. қайырымдылық акциялардан шет қалған емес. Жасаған жақсылығын жариялауды қаламаған кейіпкеріміз көп ісін іште бүгіп қалды. Пандемия әуре-сарсаңға салғанда туған жеріне көмекке келгендердің басы-қасында болды. Бетперде таратып, дәрі-дәрмек тапшылығын толтыруға атсалысты. Іскер әйелдер арасынан ерекшеленіп тұратын Р.Нұржанованың еңбегі бағаланып, аудан әкімі Қ.Мұбаракөв жақында оған «Шиелі ауданының Құрметті азаматы» атағын берді.

Кәсібімен қатар отбасы тәрбиесіне баса мән беретін Рәбибі апай 2 баланың анасы, 3 немеренің әжесі. Ерге тән еңбекке қайыспай келетін ол қазір бизнестен береке тауып отыр.

Гүлнәр ДҮЙСЕБАЙ,
Шиелі ауданы

Бүгінгі қоғамда «Ер – түздікі, әйел – үйдікі» деген біржақты пікір ескірді. Себебі, қазіргі әйел бейнесі іскер, басшы, кәсіпкер сынды сипатпен толыққан. Олар бала тәрбиелеп, үйдің түтінін түтетіп қана қоймай, кәсіп ашып, оны дамытуға қабілетті. Ақ жаулықты аналардың жетістікке жетіп, табысқа кенелуіне, сондай-ақ талай асу алып, белесті бағындыруға білімі мен білігі жеткілікті.

Бұл күндері республика бойынша кәсіпкер қыз-келіншектердің үлесі 50 проценттен асқан. Шағын бизнес кәсіпорындарының 60 процентін әйелдер басқарып отыр. Рәбибі Нұржанованы тек шиеліліктер емес, Сыр елі мақтаныспен айтады. Азаматтың жүгін арқалап жүрген кейіпкеріміз Шиелі ауданы, Алматы ауылындағы Алла үйінің іргетасын құйып, кірпішін қалаған жан. Жастайы-

тілікті аңғара бастайды. Мұнай саласындағы тәжірибесі талабына қанат бітіріп, 90-жылдардың қажеттілігі жанар-жағармай екенін ұғады. Осылайша алдына таудай талап қойып, білек сыбана іске кіріскен кәсіпкер небір қиындықты жеңе білді. Облыс бойынша 11 жанар-жағармай қуо бекеті мен олардың жанынан техникалық қызмет көрсету орталықтарын ашты. Қызылорда мен Шиелінің арасында кәсібін жандандырып, мейрамханалар салды. Рәбибінің жігерін қайраған отбасы мен жолдасы Атсәлім Хазуевтің қолдауы еді. Азаматы бақылық болса да, кәсібін жандандыруды жалғастырды.

2001 жылы Испанияға дүниежүзілік кәсіпкер әйелдер форумына барды, Елбасы



Борнмут түлегі – Бекзат



Бекзат Ырза – «Болашақ» бағдарламасы арқылы Ұлыбританияда білім алған Сыр елінің перзенті. Бірнеше тіл меңгеріп, білім бәсекесінде бірінші болуға талпынған жан.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

Қазір Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде халықаралық байланыстар бөлімінің басшысы қызметін атқарады.

Қазалы ауданында көпбалалы отбасында өскен Бекзат бала кезден-ақ әлем елдерінің астанасын, валютасын жаттауды ұнататын. Қызықты фактілер тауып алатын. Жаһанды тануға деген ұмтылыс оның арманын айқындай түсті. Мектеп бітірген соң, Еуразия ұлттық университетінің туризм мамандығы бойынша білім алып, кейін облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасында қызмет атқарды. Ел тануға бейім Бекзат үшін бұл таптырмас мүмкіндік болды. Жұмыс барысымен еліміздің барлық аймақтарына, бірнеше шет мемлекетке сапарлады. Ал Ұлыбританияға жол түскенде, Лондонға қатты қызығып, «Қалайда осы елге қайта келуім қажет» деген мақсатпен оралды. Арада екі жылдай уақыт өтті. Ағылшынша сөйлеуге әбден төселген соң, «Болашақ» бағдарламасына құжат тапсырды. Көп ұзамай Борнмут университетінің қонақ үй бизнесі және туризм мамандығының студенті атанды.

Ағылшындардың басты ерекшелігі, білімге деген құштарлығында. Екінші, уақыттарын тиімді пайдаланып, кездесуге он бес минут ерте келеді. Үшінші, әрқашан позитивті жүретіндері бұл халықты одан әрі құрметтеп сыйлауыма ықпал етті. Олардың ең басты қасиеті тұрақтылық дер едім. Затқа, құндылықтарына деген көзқарасы тұрақты. Мен ол жақта қонақ үй саласы бойынша жұмыс істедім. Байқағаным, ағылшындар үшін бір қонақ үйге келіп демалу немесе әрдайым бір кафеде тамақтану – қалыпты дүние. Азиялықтар мен еуропалықтардың айырмашылығы сонда, азиялықтар шешімдерін, ойларын өзгертуге бейім, – деді ол.

Жақсылық пен жаңалыққа үйір, тірлігі тиянақты қыз «Болашақ» берген білімді ел игілігі үшін пайдалануда.

Кәсіпкерлік және туризм басқармасы мен университетте жұмыс істеудің айырмашылығы үлкен. Туризм саласы сервистік қызметке кіреді, ал халықаралық байланыстар орнату – дипломатия. Екіншісі ұзақ уақыт алатын процесс. Бірақ екеуі де мен үшін маңызды. Себебі, әр таңды күлімдеп қарсы алып, жұмысқа қуана бару, қызығушылықпен іске кірісу – өміріме мән беретін құндылық. Мен екі жұмыста да осыны сезіне алдым. Алдағы жоспарым – туризм саласы бойынша докторлық қорғап, жұмыс барысында қолдану.

Сондай-ақ, туризм бойынша қысқамерзімді онлайн, офлайн курстар ұйымдастыру, – дейді ол.



«Саулығыңызды тілеймін!»

Қызылорда облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесінде бір топ қыз-келіншек отбасылық өмір мен ел тыныштығы үшін тынымсыз тіршілікті қатар алып жүр. Соның бірі – әділет майоры Меруерт Маратқызы. Ол – Қазақ мемлекеттік заң университетінің түлегі. Еңбек жолын Қызылорда қалалық ішкі істер басқармасының криминалды полиция бөлімшесінің жедел уәкілі болып бастаған.

Тәжірибе мен тәлімді тең дамытқан талдырмаш қыздың ертеңіне алғашында күдікпен қарағандар болды. Алайда ізденісі мол жас бастамашылдығымен көп ұзамай басшылықтың назарына ілігіп, әріптестерін мойындатты. Меруерт өзіне біраз ауырталпық әкелетініне қарамай, мамандығына адалдық танытып, қажырлы қызмет атқарып жүр.

Әр жылдары оқу орталығында кабинет, тир бастығы, оқу орталығының мемлекеттік тіл саясаты және ақпарат тобының инспекторы, учаскелік полиция инспекторы, Тасбөгет полиция бөлімі штаб тобының инспекторы, аға инспекторы болып жұмыс істеді. 2016 жылы ауысу тәртібімен облыс бойынша ҚАЖ департаментінің қалалық пробация қызметінің инспекторы лауазымына тағайындалып, аға инспектор қызметіне дейін көтерілді. Пробация қызметінде төрт жыл бойы сотталған азаматтарды қоғамға қайта бейімдеуге, олардың психологиялық, құқықтық әлеуетін жетілдіруге ықпал етті. Әрбірінің жаңа мамандық меңгеруіне, жеке кәсіп ашуына, жұмысқа орналасуына қолдау көрсетіп отырды. Бүгінде Меруерт Маратқызы – департаментте сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру тобының бас маманы, әділет майоры.

Ал майор Бақыт Әбілова – үлгілі қызметімен көзге түскен ару. Әкесі Исенбек те саналы ғұмырын құқық қорғау саласына арнап, жемісті еңбек етті. Әкеге тартқан табанды қыз бала күнінен әке жолын қууды армандады. Сөйтіп, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін бітірді. Еңбек жолын департаментке қарасты 169/5 түзеу мекемесінде кадр бөлімінің инспекторы болып бастады. Бақыт Исенбекқызы бүгінде пробация қызметіне басшылық жасау тобында.

– Қиын салада еңбек етіп жүрсем де еңбектің арқасында майор болдым. Армандар орындалады. Тек сенім керек, – дейді кейіпкеріміз.

Ал Шырын Әбдиева салада жиырма жылдан астам жемісті еңбек етіп келеді. Қызылорда қаласындағы тергеу изоляторында жұмыс істеп бастаған ол арнайы есепке алу бөлімінің есеп технигі болып ауысты. Он жылын осы бөлімде өткізді. Жалағаш аудандық пробация қызметінде аға инспекторлық атқарған кезде пробация қызметінің қыр-сырына қанығып, сотталғандардың түзу жолға түсуіне себепкер болды.

– Бұл салаға келуіме себепші – ағам Ораз Қалиұлы. Осы күні қызметте ғана емес, отбасылық өмірде де бағым жанды, – дейді әділет майоры.

Ағаларының қызметтік формасына қызығып, құқық қорғау саласын тандаған Эльвира Пазылқызы да – қазіргі таңда әділет майоры. Қажырлы еңбегінің арқасында Ішкі істер министрлігінде, Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің бірнеше марапатын иеленді.

Қызылорда қалалық пробация қызметінің аға инспекторы, әділет майоры Айым Тауқенова ішкі істер органының қызметкері болуды о бастан армандады. Бүгінде сүрініп кетіп жаза басқандармен жұмыс істеп, олардың өткен қателікті қайталамауы үшін профилактикалық жұмыс жүргізіп келеді. Еңбегі еленіп, түрлі марапатқа лайық деп танылды. Айымның жолдасы Бағдат та өзімен бірге бір салада қызмет етеді.

Нәзіктік пен қайсарлық бірбіріне қиыспайтынды көрінеді. Алайда бұл асыл қасиеттер кейіпкерлерімізге тән. Ұжымды бірлік пен берекеге бастаған бес майордың жетістігіне әріптестері риза.

Гүлбану МАҚАЖАН

Аралға құяр сағадағы елдің балық шаруашылығымен айналысқаны бүгін емес. Өткен ғасырда патша отаршылдары Райым мен Қазалы бекінісін түсіріп, бірте-бірте орыс көпестері осында келіп орныққан. Теңіз бен дарияда су емес, балық ағып жатқан заман. Иен байлықтың иісін сезген өзге ұлт өкілдері бері қарай үдере тартқан кез еді бұл.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Кеме тізгіндеген келіншек



Ал кеңестік билік алғаш орнаған жылдары теңіздегі жұрттың түпқиянда жатқан басқаларға көмегін қайда қоясыз? Он төрт вагон балықтың хикаясын ел біледі. Оған да 100 жыл. 1921 жылы Еділ бойындағы ел аштан қырылғанда Лениннің хаты тек сеп болған шығар. Шын мәнісінде жұт дейтін нәубет басталғанда біздікілердің қарап отырмайтыны белгілі еді. Поволжье мен Ресейдің орталық аудандарында құрғақшылық жайлап, егін атаулы күйіп кеткенде, өзі бірде тоқ, бірде аш отырған жұрт өзгенің халін шын түсінген. Әрі «өле жегенше бөле жеуді» бұрыннан білетін біздің ұлт қайыры істе бірінші жүретін еді ғой. Ақиқаты осы.

Ал Ұлы Отан соғысы басталғанда аралдықтар майдан даласына қанша тонна балық жіберді деп есептеп жатпаймыз. Айтпағымыз басқа. Қару ұстауға жарайтын азаматты соғысқа әкетсе, елдегі бейнет кәрілер мен әйел қауымына түспей ме? Осы жерде бейнеткең балықшыны айта отырып, ақ жаулықты аралдық ана жайлы қалам түртеміз. Өйткені, бұрын теңіздің асау толқынында ерлермен бірге бойжеткен қыздар да балық аулады. Оған дәлел жайнаған жастығы соғысқа тұспа-тұс келген Мереке Кенжалиеваны айтуға болады.

Оның теңіз маңайындағы ауылдағы қыз-келіншектің басын қосып, балық аулағанын біреу білсе, біреу білмес. Бұл соғыстың алғашқы жылы еді. Теңіз жағалай қоныс тепкен көп ауылдағы ау салып, ескек есуге жарайтын мейлі бала, мейлі әйел болсын, сүстіңде жүрді. Жас келіншек Мерекенің де теңіз толқынына алғаш тұмсығы тиген «Лебедь» атты кемеге капитан көмекшісі болған уақыты бұл. Кейіннен Александр Ли есімді корей капитан кеменің тізгінін Мерекеңің өзіне сеніп тапсырған.

Соғыс жайбарақаттықты көтермейді. Мерекенің күйеуі Нағашыбай ау баста кеме механигі еді. Енді жас жұбайлар балық аулау науқанын бір кемеде орындауға кіріскен. Шулаған теңіздің аласурған толқыны «мен деген» апайтөс, қарулы еркегіңді қажытады. Ал мұнда кеме бас-


қарушысы тым жас келіншек. Мереке сонда да мойымпапты. Оның басты мақсаты – теңіздің бір шетінде жатқан «Шошқабас», «Ұялы», «Қасқақұлан», «Айжарым-тас» аралдарына жылымшыларды тасу. Жай тасып қоймай, ауланған балық толып қайықтарды тіркеген күйі кейін қайтатын.

Шешем теңіздегі арпалысты кейде айтып қалатын. Соғыс жылдарында жанын шүберекке түйіп, анаммен бірге балық аулаған қыз-келіншектердің барлығы да бақиға аттанды. Кей күндері айы-күні жеткен құрбы келіншектерді теңіз үстінде өз қолымен босандырғанын әңгімелейтін. Кемені жүргізіп, 9-10 валдық толқындарға төтеп берген анамың жанкештілігіне әлі де таңғаламын, – дейді ұлы Әбужан Нағашыбайұлы.

Әбужан ағаның айтуынша, анасымен бірге жүрген балықшылар мыңдаған тонна балық ауланса, соның барлығы по-йызбен майданға кеткен. Дүлей дауыл мен ақбас толқындармен айқасқан қазақ әйелі кемемен талай балықшыларды дін аман жағаға жеткізіп отырған. Жемісті жақындатамыз деп жанын қинаған балықшы жұрттың бұл еңбектің өтеуіне бір-екі асымдық торта ғана берілген екен. Қанағатшыл халықтың санасында тек «бейбіт күн оралса, бұл ауыртпашылық артта қалады» деген сенім ғана тұрыпты.

Шешем 1919 жылы. Бұрынғылардың сүйегі асыл ғой. Қанша бейнет тартса да, жасы ұлғайып қайтты. Дұрысы, 2011 жылы, 91 жастан асып, дүниеден озды. Құдайға шүкір, әкем мен анамың артында бір қауым ел бар. Немере-шөберелері жетерлік, – дейді Әбужан аға.

«Аққу» деген ат беріп, әзі капитан болған Мереке анамыз соғыстан кейін де кеме жүргізіп, бейбіт елде еңбек борышын атқарған. Балық аулау науқанында үздіктер тізгінін ешкімге бермепті. Соғыс басталып, қиын заманда азаматтарының жоғын білдірмеген осындай аралдық қыз-келіншектердің теңіз толқынындағы ерлігі әлі күнге дейін ерлермен бірге аталады.





● ҚАЗИ ДАНАБАЕВ – 70

САҒЫНДЫРҒАН СЕГІЗІНШІ КҮН ЖАДЫ

Мен институтты 1993 жылы бітірдім. Сол кезде «Сыр бойының» редакторы Әскербек Рахымбекұлы еді. Студент кезімде газетке мақала жазып тұратынмын. Осы мақалаларымды ұнатқан редактор мені бірден редакцияға шақырты.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Біз институт бітірген жылдары баяғдай жолдамамен жұмысқа орналасу жойылып, жас мамандар жұмыс іздеуге шыққан. Қайда барам деп жатқан менің айым оңынан туды. Газет редакциясына келдім. Сонда алдымнан Қазекең қарсы алды. Туған ағамдай тілектестік танытып, редакторға өзі ере кірді. «Әзірге корректор бола тұрсын», – деді редактор. «Жұмысты төменнен бастасаң, жоғарыға шығуың оңай болады», – деді Қазекең. Содан 7-8 ай корректор болып жүрдім де, бес жыл бірге оқыған досым Аманжолдың ақылмен облыстық тіл басқармасына жұмысқа ауысып кеттім. Біз ол жерде марқұм Әділжан Бәйменов ағамыздың басшылығымен «Ақмешіт апталығы» газетін шығардық.

Екі жылдан соң мен қайтадан «Сыр бойына» келдім, бұл жолы газеттің жаңа редакторы Жақсылық Рахматулла шақыртып еді. «Енді ешқайда кетпе, – деді Қазекең, – осы газетті үлкендер бізге берді, біз сендерге қалдырамыз, еге боласыңдар». Мен осы сөзді бүгінге дейін көкірегіме түйіп келемін. Бір кездері жалақысы жоғарырақ жұмыстарға да кетіп қалу мүмкіндіктері туған, бірақ газетті тастай алмадым.

Қазекең аға өте ізденгіш еді, тыным таппайтын. Оның сартылдатып басқан жазу машинкасының даусы редакцияның сыртқы есігінен кіргеннен естіліп жататын. Бір жылдары Түркияға сапарлап қайтты. Мария Шоқай анамыздың «Сен деп соққан жүрекпен» деген кітабы бар екен. Онда Алаш арысы, ұлт көсемі Мұстафа Шоқайдың қиын кезеңдердегі өмірнамасы әңгіме болады. Қазекең сол кітаптың бірнеше тарауын түрікшеден аударып, газетке жариялады. Бұл әңгімені жұрт іздеп жүріп оқыды, редакцияға келіп жалғасын сұрағандар қаншама.

Мен жастау кезімде жұмысқа тиянақты емес едім, өлеңдетіп, серілік құрып кететін кездерім көп болды. Сондай күндері бір апта жұмысқа келмей қалғанмын. Ол кезде ұялы телефон жоқ, ұянда ұйықтап жатқанда тап баспаса, қайда жүргенді Күдай ғана біледі. Сонда Қазекең мені іздеп үйіме қайта-қайта келіпті. Редактор жұмыстан шығарып жіберер деп уайымдап жүріпті. Бастықтың аты бастық, жұмыстың аты жұмыс, «жазамды» алдым. Жеті ай ақысыз демалысқа

жіберді. Мен қарап жүрмедім. Асаба болып той басқардым, бір-екі ақылы кітап жазып тастадым. Редакцияға қайта келдім. Сонда Қазекең қуанып, балаша мәз болды. «Сен егер саудамен айналыссаң, талантты коммерсант боласың», – деді күліп. Әзілі ғой, әрине. Екеуіміз қатты әзілдесетінбіз. Ол маған жезде болып келеді. Ойынға келгенде көбіне мен алдынып қаламын. Жұмыстан соң үйіне машинамен апарып тастайтынмын. Бір күні: «Тұра тұршы, саған беретін бір сыйлық затым бар», – деді. Содан көшенің бойында тұрайын. Жарты сағат өтті жоқ, кетпейін десем, сыйлық деп қызықтырып қойды. Ақыры көшені кесіп өтіп бардым, сөйтсем, дарбазасын ішінен іліп алыпты...

Қазекең аға өн-бойынан жылылық шашып жүретін. Онымен сөйлескен адам үлкен болса аға болып, кіші болса іні болып кетеді. Әйтеуір, содан кейін Қазекеңнен алыстамайды.

Жазуды үйретпейді дейміз кейде. Бірақ, Қазекеңнен үйренетін нәрсе көп еді. Жәй ғана өтті, кетті деген алақандай хабарды жазғанда жайнатып жібереді. Суретін қоса салып, суреттеп жазарды. Осы әдісті үйренген Айнуір Тұңғышбаева екеуіміз бір жылдары «Ақпарат» бөлімін кезек-кезек жүргіздік. Ақырында мен оны «Сырымды саған айтам, «Сыр бойы» деген бөлімге айналдырдым. Осы бөлім арқылы оқырман хатын қалдырмай түгел қамтудың тәсілін таптым. Шыны айтсақ, сол кездегі жас журналистер – Гүлжазира Жалғасова, Айнуір Батталова, Әділжан Үмбет, Қуат Шарабидинов, Қаныбек Әбдуов, бәріміз де өзімізді Қазекең ағаның шәкіртіміз деп санайтынбыз. Өйткені, Қазекең білгенін кез келгенімізге ерінбей үйретіп, екінші рет сұрамайтындай санамызға құятын. Қатемізді баттытып бетімізге баспай жөндейтін. Бәрімізді жақсы көреді, әсіресе үш қызды – Гүлмира, Бақыт, Жаңыл үшеуін. «Балам, қызым» деп еркелететіні ше...

Талай жазған мақаласының артынан індетіп жүріп, айтылған сөзден нәтиже шығаратын да Қазекең еді. Білім мәселесін көтерген мақаласына мәнді жауап болмай, сөзін министрлікке дейін жеткізді. Қазекеңнің атына үлкен құзырлы мекемелерден конвертке салынған жауап хаттар келіп жататын. Жалпы, Қазекең журналист есебінде газеттің беделіне,

азамат есебінде халықтың мүддесіне аянбай жұмыс жасаған адам. Кез келген мамандық иесімен сөз алысқанда өзінің дәлелдерін өте сауатты жеткізетін. Бір күні Қазекең аға мұнай инвесторларының жергілікті жұмыскерлерге жасап отырған экономикалық жөнсіздіктері туралы мақала жазды. Соны жазарда бірнеше күн мұнай кенішінің басында жүрді. Мақала шыққан соң осы мәселе әкімдікте қаралды. Бір күні редакцияға сол компанияның өкілі келіп, Қазекеңмен әңгімелесті. Сонда мақала авторына мұнай жөнінде түсіндіріп, жазудағы кейбір үстірт кеткен мәселелерді айтамын деген кеніш маманы орынды уәжге бас шұғып, өзінің біраз нәрсені шала білетінін мойындап кетті. Осы әңгіменің куәсі болған біреу Қазекеңді қосымша мұнай өндірісі мамандығын алған адам деп ойлап қалуы кәдік еді. Мен сонда өзімнен десем, сыйлық деп қызықтырып қойды. Ақыры көшені кесіп өтіп бардым, сөйтсем, дарбазасын ішінен іліп алыпты...

Бірде ауданнан келе жатып мінген машинасы бұзылып, газеттің кезекті нөміріне іссапар жазбасын өткізуі тиіс Қазекең даңғыл жол бойынан өткінішті көлікті тоқтатып мініп кетеді. Өлгі бір машинаның шопыры алақұйындағы ала жөнеледі ғой. Сөйтпек келе жатып, бір машинаға соғады. Абырой болғанда аса бүлінген ештеңе жоқ, кінәлі бала «аға, аға» деп әйтеуір қалаға жеткізеді. Ертеңіне Қазекең аяғын сәл сұлбырлау басып келіп, болған оқиғаны айтты. «Қазір ГАИ-ге барып, оның жүргізуші куәлігін алдырамын», – деді ашуланып. «Қайтесіз, ештеңе болмапты ғой», – дедім мен. «Маған болмаса, ертең басқа біреуге болады», – деп Қазекең басымнан алақандап бір ұрды. Ақыры сол шопырды шынымен көлік жүргізу құқынан айырды. Кейін ойлап отырсам, онысы дұрыс екен, осы күні екі күннің бірінде көлік апатының болып жатқанын көреміз. Солар қисық қадамынан сабақ алмағандар.

Міне, менің Қазекең ағам осындай әділ, ақпейіл, адал жан еді. Ағамның туған күні – 8 наурыз. Мен оған «туған күніңіз» демей, «сегізінші мартыңмен» дейтінмін әзілдеп. Елді... әр сегізінші наурыз келген сайын сол бір жайдары жан есімізге түседі. Осы облысқа белгілі азаматтардың бәрі редакцияға Қазекеңді іздеп келетін. Жазыратын несі бар, Қазекең кеткен соң, ол кісілердің келуі де сиреді.



Қазекең ағамның мұнай инвесторларының жергілікті жұмыскерлерге жасап отырған экономикалық жөнсіздіктері туралы мақала жазды. Соны жазарда бірнеше күн мұнай кенішінің басында жүрді. Мақала шыққан соң осы мәселе әкімдікте қаралды. Бір күні редакцияға сол компанияның өкілі келіп, Қазекеңмен әңгімелесті. Сонда мақала авторына мұнай жөнінде түсіндіріп, жазудағы кейбір үстірт кеткен мәселелерді айтамын деген кеніш маманы орынды уәжге бас шұғып, өзінің біраз нәрсені шала білетінін мойындап кетті. Осы әңгіменің куәсі болған біреу Қазекеңді қосымша мұнай өндірісі мамандығын алған адам деп ойлап қалуы кәдік еді. Мен сонда өзімнен десем, сыйлық деп қызықтырып қойды. Ақыры көшені кесіп өтіп бардым, сөйтсем, дарбазасын ішінен іліп алыпты...

Қазекең ағамның мұнай инвесторларының жергілікті жұмыскерлерге жасап отырған экономикалық жөнсіздіктері туралы мақала жазды. Соны жазарда бірнеше күн мұнай кенішінің басында жүрді. Мақала шыққан соң осы мәселе әкімдікте қаралды. Бір күні редакцияға сол компанияның өкілі келіп, Қазекеңмен әңгімелесті. Сонда мақала авторына мұнай жөнінде түсіндіріп, жазудағы кейбір үстірт кеткен мәселелерді айтамын деген кеніш маманы орынды уәжге бас шұғып, өзінің біраз нәрсені шала білетінін мойындап кетті. Осы әңгіменің куәсі болған біреу Қазекеңді қосымша мұнай өндірісі мамандығын алған адам деп ойлап қалуы кәдік еді. Мен сонда өзімнен десем, сыйлық деп қызықтырып қойды. Ақыры көшені кесіп өтіп бардым, сөйтсем, дарбазасын ішінен іліп алыпты...

Қазекең ағамның мұнай инвесторларының жергілікті жұмыскерлерге жасап отырған экономикалық жөнсіздіктері туралы мақала жазды. Соны жазарда бірнеше күн мұнай кенішінің басында жүрді. Мақала шыққан соң осы мәселе әкімдікте қаралды. Бір күні редакцияға сол компанияның өкілі келіп, Қазекеңмен әңгімелесті. Сонда мақала авторына мұнай жөнінде түсіндіріп, жазудағы кейбір үстірт кеткен мәселелерді айтамын деген кеніш маманы орынды уәжге бас шұғып, өзінің біраз нәрсені шала білетінін мойындап кетті. Осы әңгіменің куәсі болған біреу Қазекеңді қосымша мұнай өндірісі мамандығын алған адам деп ойлап қалуы кәдік еді. Мен сонда өзімнен десем, сыйлық деп қызықтырып қойды. Ақыры көшені кесіп өтіп бардым, сөйтсем, дарбазасын ішінен іліп алыпты...

Қазекең ағамның мұнай инвесторларының жергілікті жұмыскерлерге жасап отырған экономикалық жөнсіздіктері туралы мақала жазды. Соны жазарда бірнеше күн мұнай кенішінің басында жүрді. Мақала шыққан соң осы мәселе әкімдікте қаралды. Бір күні редакцияға сол компанияның өкілі келіп, Қазекеңмен әңгімелесті. Сонда мақала авторына мұнай жөнінде түсіндіріп, жазудағы кейбір үстірт кеткен мәселелерді айтамын деген кеніш маманы орынды уәжге бас шұғып, өзінің біраз нәрсені шала білетінін мойындап кетті. Осы әңгіменің куәсі болған біреу Қазекеңді қосымша мұнай өндірісі мамандығын алған адам деп ойлап қалуы кәдік еді. Мен сонда өзімнен десем, сыйлық деп қызықтырып қойды. Ақыры көшені кесіп өтіп бардым, сөйтсем, дарбазасын ішінен іліп алыпты...

Қазекең ағамның мұнай инвесторларының жергілікті жұмыскерлерге жасап отырған экономикалық жөнсіздіктері туралы мақала жазды. Соны жазарда бірнеше күн мұнай кенішінің басында жүрді. Мақала шыққан соң осы мәселе әкімдікте қаралды. Бір күні редакцияға сол компанияның өкілі келіп, Қазекеңмен әңгімелесті. Сонда мақала авторына мұнай жөнінде түсіндіріп, жазудағы кейбір үстірт кеткен мәселелерді айтамын деген кеніш маманы орынды уәжге бас шұғып, өзінің біраз нәрсені шала білетінін мойындап кетті. Осы әңгіменің куәсі болған біреу Қазекеңді қосымша мұнай өндірісі мамандығын алған адам деп ойлап қалуы кәдік еді. Мен сонда өзімнен десем, сыйлық деп қызықтырып қойды. Ақыры көшені кесіп өтіп бардым, сөйтсем, дарбазасын ішінен іліп алыпты...

Қазекең ағамның мұнай инвесторларының жергілікті жұмыскерлерге жасап отырған экономикалық жөнсіздіктері туралы мақала жазды. Соны жазарда бірнеше күн мұнай кенішінің басында жүрді. Мақала шыққан соң осы мәселе әкімдікте қаралды. Бір күні редакцияға сол компанияның өкілі келіп, Қазекеңмен әңгімелесті. Сонда мақала авторына мұнай жөнінде түсіндіріп, жазудағы кейбір үстірт кеткен мәселелерді айтамын деген кеніш маманы орынды уәжге бас шұғып, өзінің біраз нәрсені шала білетінін мойындап кетті. Осы әңгіменің куәсі болған біреу Қазекеңді қосымша мұнай өндірісі мамандығын алған адам деп ойлап қалуы кәдік еді. Мен сонда өзімнен десем, сыйлық деп қызықтырып қойды. Ақыры көшені кесіп өтіп бардым, сөйтсем, дарбазасын ішінен іліп алыпты...

Цифрландыру жемқорлықтың алдын алады

Қоғамда қауіпті індеттің бірі – жемқорлық, яғни ол ел экономикасына, қорғанысы мен қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін. Сыйбалас жемқорлық көріністерін төмендету бағытында көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді электрондық форматқа көшіру, бизнес процестерді оңтайландыру және ұсынатын құжаттарды азайту бойынша заңнамаға бірқатар өзгеріс енгізілген. Оның ішінде дербес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ДСН) кодын беру қағидаларына жаңашылдықтар енгізіліп, яғни мұнай өнімдеріне ДСН өнімдері тек электронды түрде және аумақтық Мемлекеттік кірістер органдарымен беріледі. Осыған дейін өтімді қарау мерзімі бес жұмыс күнін құраса, қазір бір жұмыс күніне дейін қысқарды. Енді аумақтық бөлімшелер электрондық өтімнің түскен күнінен бастап бір жұмыс күнінің ішінде ДСН кодын беруін ақпараттық жүйе арқылы қамтамасыз етеді немесе оны беруден бас тартады, өтімші берушінің ДСН кодын беру туралы немесе ДСН кодын беруден бас тарту туралы ақпараттық жүйе арқылы хабарлар етеді.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметкерді оңтайландыру – жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге сеп, цифрлық технологияларды қолдану арқылы мемлекеттік кірістер органдарына мұнай өнімдерінің айналымын қашықтан бақылауға мүмкіндік туындады. Осындай цифрлық технологияларды қолдану арқылы салық төлеушінің мүддесін қорғауға бағытталған, лауазымды тұлғаларды қағаз-бастылықтан арылып, жұмыс уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бастысы, қоғамдық індет – сыйбалас жемқорлықтың алдын алуға және жоюға бағытталған шараларды күшейтеді.

Руслан ӘНУАР,
Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кіріс департаментінің басқарма басшысы

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТӘҢІРДІҢ БЕРГЕН СЫЙЫ

Қара темір де мәңгілік емес, мәңгілік қоғамдық құрылыс та болмайды. Демек, ештеңеден үміт үзбе, «үмітсіз тек, шайтан ғана» деген ақылды қағида. 300 жылдық Романовтар династиясын, 500 жылдай билік жасаған Осман империясын бүгінгі күні су шайып, құм көміп тастағандай, қазіргі ұрпақтың бірі білсе, бірі білмейді. Қазақстан Ресей қоластынан ұрыс-керіссіз бөлініп шығады дегенді көріпкел Әулие Ванга да айтқан жоқ. Өзімізде өткен әулие-әнбиенің бірі де осындай өсиет жазып қалдырды дегенді естімеппіз. Орыс – орман, қазақ тоғай еді, 10 миллион славяндардың арасында алты миллион қазақ – бір түйір құм. «Қазақ ХХІ ғасырға қалай шығады?» деген сауалға Олжас Сүлейменов «ХХІ-ді қайдам, алдымен ХХ-дан шыға ала ма?» деп еді. Алланың есебіне адамның ақылы жете ме, шықтық. Көзіміз көгеріп, шашымыз сарғайып, тіліміз тікенектеп, жеріміз де, өңіміз де өзгеріп қара жер бастық-ау.

Қалтай марқұмға бір заман шетелдіктер: – Кеңес өкіметі Сіздерге не берді, не алды? – дегенде:

– Кеңес өкіметі әкемнің алты әйелі бар еді, соның бесеуін алып қойды, – деп әзілмен әрең қашып шығып еді.

Кеңес өкіметі берді ғой. Жылатып-еңіретіп, ұрып-соқты, атты, асты. Бірақ бәрінің өтеуі деп білім берді. Білім алған бала біреудің қоласты түгілі, әкесінің үйінде де тұрмайды. «Тәуелсіздік» іздеп елеңдейтін болдық.

– Кеңес өкіметінің қатесі қазаққа білім бергені, – дейді түркиялық қазақ Сәбижан Пынар. – Көзі ашық адамды үкімет алдай алмайды.

Ра! Қазақ бірақ тәуелсіздікті үнсіз іздеді. Алты миллион адамның қалауы Алланың құлағына да тиген шығар, азаттық іздеген «Азат» мүшелеріне «қой-қой» деп жүргенде, Ресей бізден ат тонын ала қашып, Ресей Федерациясын тәуелсіз мемлекет деп бір ашудың үстінде Б.Ельцин тарихи құжатқа қол қойып жіберді. Мә, саған! Мұнда күлмегенде қашан күлеміз. Сөйтсек, Ресей қашаннан Қазақстан секілді халықтардың бұғауында жүрміз деп түсінеді екен. Құдай шебер десейші! Әлемдік гегемония үшін жүрескен мемлекет қилы саясат, китурқы әдіспен жайлап алған жерлерін тастап, азаттық алдык деп бөрікін аспанға атты. Қазақстан қайда бағынатын білмей аңырап отырды. Бізді басқаратын Ресей шекарасын жауып, әрі-бері тышқан жарғалатпай, ақшасына дейін уысынан шығармай, кәдімгі бөп-бөлек ел бола қалды.

Бізде бір-ақ жол бар еді. Ол – егемен ел болу. «Егемен болмай, ел болмас» деген Абайдың ұлы нұсқасына тура. Республикалық Жоғарғы Кеңес 1991 жылы егемендік деп қол көтерді. М.Шоқайдың, М.Дулаттың, А.Байтұрсынның арманы еді егемендік. Мерзімі жетпей ештеңе болмайды екен, жеткен кезде болдық. Қуандық, абдырадық, көңіліміз босады, 1986 жылы желтоқсан қырығын еске түсірдік, көз алдымызға құлдай кісінеген Қайрат Рысқұлбеков елестеді. «Осынымыз дұрыс» деген де, «Кенесіміз дұрыс еді» деген де болды. Алда қандай тағдыр күтіп тұрғанын ешкім білмейді. Соқпақ жол соқтырып отырып Ресейге тағы әкеле ме? Ортамызда мақсүнем де болса бір шүлдiрек отырмаса, жеген тамағымыз бойымызды дарымайтын халық емеспіз бе? «Аға баласы» ақыл айтушы еді, заң айтушы еді, біз басымызды шұлғушы ек. Егемендік деп – бір, көрші деп екі ойландық. Қолдағы аз орыстан айрылып қалғанымыз келмей, «ойбай саған адам жетпейді» деп маңдайына бес жұлдыз қадалдық. Ондағымыз олар кетсе шахта қазусыз қалады, егін егілмейді, комбайн жөнделмейді. Тіпті бақан басындағы электр шамы сөніп қалады. Оның сымын жалғаймын деп бақанға өрмелеп шыққан қазақ тоққа түсіп өледі. Егемендік пе, біз бәріміз жоқтау айтып кетеміз дестік.

Көрдiңiз бе қауiптi. Егемендiк деген – қазақтың қуанышы да, қайғысы да өзiнiкi деген. Қуанышы – дұрыс, қайғысынан қаймалап қалай шығамыз? Проблема тас төбеден. Каспийдiң, Құмкөлдiң, Қашағанның мұнайын қалай өндiреміз. Ол мұнайды Ресейге шығару керек, қаптап тасимыз ба, қалталап тасимыз ба? Ресей жерiнен өтсек жетi әкесiнiң құнын сұрайды.

Бiз ел егемен болғалы осыны уайымдап әбiрjiп кеттiк.

Содан берi де он жыл өткен екен. Қазақстан қауiптi жолдың бәрiнен өттi. Шетел инвесторлары демесек, өндiрiс осына түсiп келе жатқандай. Егiн егiлiп, мал бағылып, өзiне жетерлiк тiршiлiк жасалып жатыр. Өзгеден суырылып алға шықпасақ та, өзегiмiз талған жоқ. Ал, «қара алтын» мұнайдың арқасында әлем жұртшылығының алдағы назарындамыз. Ептеп мұнай есебiнен кем-құтығымыз бiтелiп, шайқалған шаруамыз ендi-ендi қанатын қомдап жатқандай. Шешiлмеген мәселе көп, қазақ жерiнiң қара қазаны бұрқылдап жатса, ол да аясына түседi. Кешегi тапшылықта тараған облыстың бiрi – Талдықорған қайта қалпына келдi. Көз алдымызда ежелгi қазақ Семей тұлғары. Жыбылған мәдениет ошақтарына ерекше бетбұрыс жасадық. Бiз өз кәтемізден өзiмiз үйрендiк, егемендi ел болудың мәнісін 300 жылдан соң енді түсіне бастағандаймыз. Жеңген спортшы, көктегі ғарышкер Қазақстанның көк байрағына қарап тәжім етті. Халқымыздың талантты ұл-қызын дүниежүзі тани бастады. Қысқасы, кемшілік-жетістігі қатар жүретін қарапайым мемлекет есебіне Қазақстан ХХІ ғасырдың табалдырығын аттады. Шүкір демей не дейсіз?! Алла ұзағынан сүйіндіргей.

Қазекең ағамның мұнай инвесторларының жергілікті жұмыскерлерге жасап отырған экономикалық жөнсіздіктері туралы мақала жазды. Соны жазарда бірнеше күн мұнай кенішінің басында жүрді. Мақала шыққан соң осы мәселе әкімдікте қаралды. Бір күні редакцияға сол компанияның өкілі келіп, Қазекеңмен әңгімелесті. Сонда мақала авторына мұнай жөнінде түсіндіріп, жазудағы кейбір үстірт кеткен мәселелерді айтамын деген кеніш маманы орынды уәжге бас шұғып, өзінің біраз нәрсені шала білетінін мойындап кетті. Осы әңгіменің куәсі болған біреу Қазекеңді қосымша мұнай өндірісі мамандығын алған адам деп ойлап қалуы кәдік еді. Мен сонда өзімнен десем, сыйлық деп қызықтырып қойды. Ақыры көшені кесіп өтіп бардым, сөйтсем, дарбазасын ішінен іліп алыпты...

«Сыр бойы» газеті, 2001 жыл

● РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Ынтымағы жарасқан ұжым

Қаладағы Алексей Султан-Ахмет емханасы 2017 жылдың желтоқсан айында ашылды. Ауысымына 400 науқасты қабылдауға қауқарлы. Медициналық мекеме 38000 тұрғынға қызмет көрсетеді. Онда 300-ге жуық қызметкер бар. Оның 45-і дәрігер.

Сәкен Үсейінов басшылық ететін ұжымның ұйымшылдығы мен берекелі тірлігі көрген жанды сүйсінтеді. Ондағы дәрігерлер мен орта буын медицина қызметкерлерінің қарапайымдылығы, кішіпейілдігі мен қасиеті біліктілігіне тұрғындар ықыласы да ерекше. Соның ішінде, бас дәрігердің ішкі аудит жөніндегі

орынбасары Сағидулла Рысәлиев, бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Баян Ұәлиева, жалпы тәжірибелік дәрігер Ұлдана Шонбаева, невропатолог дәрігер Қуанышбек Алмағанбетов, медбике Аида Султанхан секілді мамандар өз қызметтеріне адал. Дәрігерлердің емінен қатар жылы сөзі де науқасқа шипа болары белгілі. Талай жанның дертіне дауа тауып, қалыпты өмірге оралуына сеп болып жүрген емхана ұжымына табыс тілейміз.

Ғабит ӘМІРӘЛИЕВ,
Қызылорда қаласының тұрғыны

Аялдама, жарық сұранып тұр

Қызылорда қаласы жылма-жыл көркейіп тұсады. Шеткі аймақтар да сәулеттеніп, асфальт жолдар ұзарып келеді. Балалар алаңының келбетіне жұртшылық риза.

Біз тұратын Астана даңғылы дария жағалауындағы «Жібек жолынан» басталады. Үлкен сәулетті көше теміржолға тіреледі. Шындығын айту керек, кейінгі жылдары Астана көшесі одан әрі абаттана түсуде. Алайда, үлкен көшені кесіп өтетін Шоқайдан кейінгі Әбдірахманов, Ниеткалиев, Дуалетбаев көшелерінен кейінгі Астана көшесінде әлі де игерілмеген жұмыстар бар.

Астана көшесінен Шоқай көшесіне дейін тротуар, көше бойларына электр бағаналар орнатылған, түні бойы жапын тұрады. Ал Шоқай көшесінің темір жолға барып тірелетін Астана көшесіне тротуар, су жүретін арық, электр

бағаналары тартылмаған соң электр жарығы да жоқ.

Мұнда 50 шақты үй тұрады. Ал көше бойында бір ғана аялдама бар, ол да әбден тозығы жеткен, жырым-жырым. Темір жолға тірелген жерден тағы бір аялдама сұранып-ақ тұр. Өйткені, жазда, қыста автобус күткен жолаушылар әр үйдің ықтасынын паналап, әбiгерге түсумен жүр.

Қысқасы, Шоқайдан кейін темір жолға тіреліп тұрған Астана көшесінің бойына электр бағаналары тартыла беріңіз. Көшенің екі жағында тротуар, арық та жоқ. Содан болар, жасыл желек мүлдем тапшы.

Көше тұрғындары тістi орындарға бұл жөнiнде жиi айтудан әбден ығыры шыққан. Бұл мәселеге қалалық әкімшілік назар аударса дейміз.

Қайыр ҚОРАСАНИ

Қалдырған ізін мәңгілік

Сырдың киелі топырағында өскен өнер тарландарының есімі ел асып, әлемге әйгілі болды. Олардың өзіндік өрнек қалыптастыруына үлес қосқан ұстаздардың бірі де бірегейі – Қарақөз Ақдәулетова. Мәдениет мейталманы қазір арамызда болмаса да, оның өнерде жаққан әр жұлдызы бүгінде жарқырап жанып тұр. Ұлағатты ұстаз ұстаханасынан шыңдалған шәкірттер осыны байқатады.

Осы аптада әнші-ұстазды еске алуға арналған «Сыр бұлбулы» кешіне келушілердің қатары қалың болды. Бұл – өнерімен ғана емес, қарапайымдылығымен қалың елді өзіне еліте білген Сырдың талантты қызына деген құрмет. Өнер сапалының кеңінен шәкірттері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бибігүл Жанұзақ, халықаралық конкурстардың лауреаты Тахауи Рахметов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Азамат Жылтырқозов, «Құрмет»

орденінің иегері Самал Байсейітова өнер көрсетті. Қарақөз Ақдәулетовамен 30 жылдан астам бірге қызметтес болған, халықаралық республикалық дәрежедегі шеберлерді бірге дайындаған білікті концертмейстер Арина Цой да әсерлі әнін жолдады. Музыкадағы кәсіби деңгейдің биіктігін қолдап, өнер тазалығын қорғаған Қарақөз Ақдәулетова бірнеше жыл Қазанғап атындағы Қызылорда жоғары музыкалық колледжінің академиялық ән салу бөлімін

басқарып, балалар студиясының шәкірттерін тәрбиелеуге үлес қосқан еді. Кеште осы өнерпаз өрендер де тыңдарманын бей-жай қалдырмады.

– Өткен жылы Сыр мәдениеті ауыр қазаға ұшырады. Бұлбұл әнші Бибігүл Төлегенованың төл шәкірті, біздің тәлімгер-ұстазымыздан көз жазып қалдық. Бірақ, дарын есінінің жылы жүзі, мейірімі мен қалдырған мұрасы мәңгі есімде. Бүгін облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы жанындағы балалар студиясына Қарақөз Ақдәулетованың есімі берілуі соның дәлелі, – деді шәкірті Феруза Арғынбаева.

Расында, Қарақөз Ақдәулетованың қайталанбас дауысы – қазақ руханиятының қымбат байлығы. Сыр мәдениетін биікке көтеруге мол үлес қосқан бұл есім қызылордалықтардың әрқашан есінде сақталары айқын.

«СБ» ақпарат



Жаңашылдыққа жаны құмар еді

Тарихи мен тағылымы мол Сыр елінің қатпарлы қойнауында қаншама сырлы дүние жатқаны жасырын емес. Сондай арнаны білім саласы десек, еш жаңылыспайтыныз аян. Сала дамында қашанда білімі мен біліктілігі жоғары ұстаздар ел құрметіне бөленіп отырған. Сондай парасаты мен пайымы, мол жандардың бірі Бақытжан Бекішев еді.

Ел егемендігін алған алғашқы кезеңде барлық саланың нарыққа бейімделгені сияқты, жаңа Қазақ елінің идеологиясы мен білім беру жүйесінің де жаңаруы уақыт, өзгерген қоғам, жаңа заманның талабы болатын. Жаңа білім беру жүйесін қалыптастыру міндеті мұғалімдер білімін жетілдіру институтының мамандары мен білікті басшыларына жүктелді.

Ең алғаш 1993 жылы Қармақшы ауданында №26 мектептің базасында облыстық қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдерінің Қалдығұл Мұқшыбаев атындағы атыулы мектебі ашылды. Осы мектептің негізін облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының директоры К.Атабаевтың орынбасары Бақытжан Сүлейменұлы Бекішев қалады. Ол осы топқа облыстың шығармашылық жұмыс жасайтын 24 мұғалімді іріктеп, таңдап алды.

Атаулы мектептің 2 ай сайын отырыстары болып, сабақтарға қатысып, сыныптан тыс шаралар ұйымдастырып, өзара пікір алмасып, тәжірибе жинақтады. Бақытжан Бекішевтің жетекшілігімен, білім сапасын жаңа деңгейге көтеру, сондай-ақ оқушыларды да, мұғалімдерді де жаңаша бағытқа бейімдеуге және талаптарға сай

болуға «Атаулы мектеп» мүшелерінің ізденістері көп үлес қосты.

Халық педагогикасын оқу-тәрбие процесіне ендіру, халықтың дәстүрде пәнді оқыту, тірек схемалармен және концептілік жұмыс жасау бағытындағы шығармашылық бастамалар өмірге келді. Сол 1993 жылдары «технология» деген сөз өндіріске ене қоймаған кез. Ол уақыттағы негізгі терминіміз – «шығармашылықпен жұмыс жасау» еді. Бақытжан ағайынның ерекше қасиеті жылт еткен жаңалықты «Қазақстан мұғалімі» газетіне жариялап, сол мұғалімдердің іс тәжірибесін облысқа, республикаға тарататын.

Мен жас маман ретінде кез келген жағдайда аса сабырлы болуды, парасат тұрғысынан қарауды, кісілікті кішілікпен жеңуді, білектен емес қарапайымдылықпен кез келген мәселені шешуге болатын өмірлік қағидаларды үйрендім. «Мария, сен болашақта институтта облыс мұғалімдерінің бас әдіскері боласың. Сол үшін мұғалімдерге жан-жақты қарай отырып, «осы мұғалімнен нені үйрендім, нені үйренуім керек және айттарым» деген үш қағидады басшылыққа алып, жұмыс істесем, сен биікке шығасың» деп үнемі айтып отыратын. Атаулы мектебіміздің озат



ұстаздарының Бақытжан ағайынның басшылығымен атқарған жұмыстарына тоқталсам: Аралдық Мәлікә Нұралыева оқушының шығармашылық қабілетін дамытуда көптеген ізденіс жасады. Қармақшылық Тұрсынқұл апай мен Сырдариялық Балтұра Мамаевалар республика деңгейінде олимпиада жүлдегерлерін дайындады. Жалағаштық Сәуле Шаменова мен қызылордалық Қазына Боранбаева, шилелік Миуа Құрманбаевалар мәтіндік талдаудың жаңа жүйелерін ендірі. Марқұм Тұрсын Әділбекова шешендік өнер мектебін қалыптастыру негіздемесін жазды. Топтың ең жас маманы мен халық педагогикасы элементтерін панмен байланыстыра оқыту әдістемесі мен оқу кабинетін дайындадым.

Тәуелсіз мемлекетімізді жаңаша дамуының алғышарттары саналған осы өзгерістерге көшу қажеттігін түсініп, жаңа заман тынысын алғашқылардың бірі бол танып, облыстың білім саласындағы тың өзгерістерге қадам жасаған тау тұлға жайында алдыңғы толқын ұстаздар қауымының айтары мол. Бақытжан Сүлейменұлы басқарған институтта кабинет меңгерушісі, тренер аға оқытушы болып, бүгінде «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында қызмет атқарып келемін. Кей сәттерде, әртүрлі жағдайларда «ұстазым мәселені қалай шешер еді?» деген ой санамда тұрады.

Кезінде біздің институтта Б.Бекішев, Ә.Мүсілімов атындағы кабинеттер ашылды. Бұл кейінгі ұрпақтың аға ұрпаққа жасаған құрметі еді. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, облыста шоктың биік тіл мамандарының қалыптасуына субелі үлесін қосқан Бақытжан Бекішевтің есімін құрметтеу ұрпақ міндеті деп есептеймін. Ұрпақтың сара жолының қалыптасуында тәрбие мектебі болған ағалар есімі ұмытылмайы тиіс. Профессор Б.Елеусинов бастаған «Өрлеу» БАҰО АҚ облыс бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты – республикамызға таны мал іргелі оқу орны.

Мария ОРМАНОВА, «Өрлеу» БАҰО АҚ облыс бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы, халықаралық тренер

ЭКОЛОГИЯ және САНА

Тәуелсіздіктің 30 жылында ел экономикасы өркендеп, қай саланы сараласақ та, даму үдерісі қалыптасты. Жасампаздықтың жаңа тарихы жазылып, мерей-мертебебіміз асқақтай түсті. Десе де, еліміздің әлемдегі өркениетті мемлекеттер қатарында көрінуі үшін әлі де мән беретін мәселелер бар. Солардың бірі – қоршаған ортаға деген көзқарас.



Экология мәселесі қашанда күн тәртібінен түскен емес. Жалпы, адамзат болашағын қоршаған ортамен тығыз байланыста екені белгілі. Адам баласының күнделікті тұрмыс-тіршілігінде жасайтын амалдарының басым көпшілігі экологиялық қауіпті әрекеттерге толы. Жан-жағымызға көз салып көрейікші. Қоршаған ортаға қолайсыз пластикалық заттар, мініп жүрген көлік түтіні, қала сыртында ұйып жатқан қоқыс алаңқайлар, аялауға зауыттардан шығып жатқан өндіріс қалдықтары, зиянды газдар. Климаттың өзгеруі мен адам қажеттілігінің күннен-күнге өсуі, жер бетіндегі тұщы су көлемінің азаяуы, орман алқаптарының жойылуы, су-өзендерінің тартылуы секілді факторлар да қоршаған орта күнделікті қалыпта да сақтауға кері әсерін тигізеді. Сондықтан осының бәрін сезіне білу үшін адамзатқа экологиялық сауаттылық қажет.

Жыл басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы жарық көрді. Бұл мақала алдағы бағытымызды бағдарлауға оң бетбұрыс жасайды деген сенімдемін. Онда экология мәселесі де кеңінен қамтылған. Мемлекет басшысы өз мақаласында «Қазақ үшін тоқымдай жердің өзі қымбат, бір уыс топырақтың өзі алтын. Бірақ біз соны бағалай білеміз бе?! Жер қадірін білу жалаң ұрпақтан өлшенбейді. Өкінішке қарай, асқар тауларымыз бен айдын көлдерімізді, ұлан-ғайыр даламызды ластан жатқан да өз азаматтарымыз. Көкжайлауға от жағып, қоқыс шашып кеткен де, Көбейтудің батығын шелекпен тасып, көлдің ортасында көліктен ойқастаған да солар. Бір тұтам мүйіз үшін көзін мөлдіретіп киіктерді қырган да өзгелер емес. Қасиетті жеріміздің киесінен қорқыпай, жат жұрттың да қолы бармаса әрекеттерді жасап отырып, қалайша осы мекеннің иесіміз деп кеуде соға аламыз? Бұл

– ащы да болса, шындық. Біз жеріміздің шын жанауыр иесі екенімізді нақты іспен көрсетуге тиіспіз. Ол көшеге қоқыс тастамау, көрінген жерге от жақпау сияқты қарапайым нәрселерден бастап, жалпыхалықты сипаттағы ауқымды экологиялық шаралар арқылы көрініс табуы қажет. Мұның бәрі тәлім-тәрбиеден басталады. Ата-анасымен бірге ауласына ағаш екпеген, үлкендердің жан-жануарға мейірімін көрмеген, кішкентайынан табиғатты аялауға дағдыланбаған бала өскенде туған жеріне жаны ашымайды. Мәселе экологияға емес – отаншылдықта, заңда емес – санада» деген ойын білдіреді.

Рас, еліміздің әрбір тұрғыны күнделікті тұрмыста экологиялық сауатты болып, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау керек. Біз өз тарапымыздан жастарға қоршаған ортаға деген жанашырлықты, экологияға деген қамқорлықты үйретуден жалықпауымыз керек. Бәрі бірден болып кетеді деу қате. Қоғамдық сананы қалыптастыруға ұзақ уақыт керек. Сондықтан қазіргі таңда қоршаған ортаға жанашыр, өмір сүру сапасы, өз денсаулығын ойлайтын және экологиялық сауатты ұрпақ тәрбиелеу – басты міндеттердің бірі. Экологиялық білім – адам мен табиғат арасындағы байланыс туралы ғылыми көзқарасты қалыптастыруда, экологиялық мәселелерді іс жүзінде шешуде маңызды роль атқарады.

Экологиялық бағыттағы жоғары білікті мамандар даярлауда негізгі ролды жоғары оқу орындары атқарады. Сыр өңірінде экология мамандарды даярлайтын бірден-бір оқу орны – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті. Болашақта экологиялық мамандықтарға сұраныс бола ма? Бұл сұраққа ғылыми негізде жауап іздеп көрсек.

«Careers2030.CST.org» веб-сайтының хабарлауынша, 2030 жылға қарай канадалық форсайт

сайды. Өндірісі салалардың экономикалық өсуге қабаларды өндіру, тасымалдау және қайта өңдеу және бұзылған аумақтарды қалпына келтіру процесінде қоршаған ортаға қауіп-қатерді талдау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі маман.

Қайта өңдеу технологиясы – материалдарды қайта өңдеу, қалдықсыз өндіріс технологиясын әзірлеу және енгізу бойынша маман. Тапсырмаларда саябақ экология қоғамдық кеңістіктердің (саябақтар, скверлер, аллеялар және т.б.) экологиялық жағдайын бақылау мен талдауды, көгалдандыру, жануарлардың, құстардың, жәндіктердің қоныстануы бойынша шешімдерді әзірлеуді, жүзеге асыруды және қала ішіндегі жасыл алқапта экологиялық тепе-теңдікті сақтауды қамтиды.

Экоаудитор өндірістік кәсіпорындардың аудитін жүргізеді, өндірісті модернизациялау, жұмыс тәжірибесі мен жұмыс тәсілдерін өзгерту арқылы қоршаған ортаға әсерді қалай азайтуға болатындығы туралы ұсыныстар береді. Жүйелік экологиялық аппараттарды жою бойынша маман – біртіндеп іске асырылатын аппараттармен жұмыс істейтін инженер.

Қоқыс дизайнері (бұл қоқыстардан жаңа заттар жасау тәсілі). Материалтану және өнеркәсіптік дизайн туралы білімге сүйеніп отырып, ең аз материал шығыны бар жаңа заттарды ойлап табады.

Эко-драйвер экологиялық ахуалды жақсарту бойынша жұмыс жасайтын бастамашыл қоғамдық топтарды қолдайды, олардың арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді, қоғамдық экологиялық бақылауды ұйымдастыруға көмектеседі.

Эко-уағызшы балалар мен ересектерге арналған қоршаған ортаға ауырталықты азайтуға (қалыпты тұтыну, «экологиялық ізді» азайту, қалдықтарды бөлек жинау және т.б.) байланысты «жасыл» өмір салты мәселелері бойынша білім беру және білім беру бағдарламаларын, сонымен қатар кәсіпорындарға арналған бағдарламаларды әзірлейді және жүргізеді.

Қорыта айтқанда, эколог мамандар қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермеу қағидасы бойынша өмір сүретін қарапайым адамдарға білім беру ауырталығын көтереді, олардың барлығы өмір сүретін планета үшін болашақ ұрпақ алдындағы жауапты екенімізді ұғындырып отырады.

Ләйлә ЖҮСІПОВА, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Экология және химиялық технология» кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты, Ақмарал ШӘРІПОВА, кафедраның аға оқытушысы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚҰ

ШАҒЫН НЕСИЕ

- ✓ Зейнеткерлер (78 жасқа дейін) мен жұмыс істейтіндерге
- ✓ 1 000 000 теңгеге дейін
- ✓ кепілдіксіз ✓ өте тез!
- ✓ алты жылға дейін
- ✓ жоғары несиелік ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!



Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынұлы к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы) тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45

КР Ұлттық Банкінің №КЗ011000000555 лицензиясы берілген

Қызылорда облысының тұрғындары Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 16,3 млрд теңге аударды

Жүйе іске қосылған 2017 жылдың 1 шілдесінен 2021 жылдың 1 наурызына дейінгі аралықта Қызылорда облысының тұрғындары әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 16,3 млрд теңге аударды, оның 12,7 млрд теңгесі (77,9%) жұмыс берушілердің аударымдары болса, қалған 3,6 млрд теңге (22,1%) жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі, – деп хабарлады «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Жарна төлеу жағынан Қызылорда қаласы, Шиелі мен Жанақорған аудандары көш бастап тұр.

Жинақталған қаржы сенімгерлік басқару туралы келісім бекітілген Ұлттық банкте сақталады және МӘМС пакеті шеңберіндегі қызметтер ақысын төлеуге жұмсалуда.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалдың халықты ақпараттандыру және өтіншістерді қарау жөніндегі бөлімі

Қоғамдық тыңдау

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресурсиз» АҚ және «ТОРФАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ, ҚР-ның Экологиялық кодексіне сәйкес «Құмкөл кен орнын игеру жобасына қосымша жобалық құжаттың» «Қоршаған ортаға әсерін алдын ала бағалау жобасы» құжатын талқылау үшін қоғамдық пікірді есепке алудың қоғамдық тыңдаулар түрінде өткізілетіндігін хабарлайды.

Нысан бойынша ақпарат алуға және өз пікірін білдіруге барлық мүдделі азаматтарға және қоғамдық бірлестіктерге мүмкіндік беріледі.

Қоғамдық тыңдау өткізілетін уақыты мен орны: 2021 жылдың 9 сәуір күні сағат 15:30, Қызылорда қ., Қонаев көшесі, №4, №405 кабинет.

Қоғамдық тыңдаудың сауалнамалық түрін жүргізуге жауапты: Қызылорда облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының өкілі Жолдасбекова Аружан, байланыс телефоны: 8(7242) 60-53-69.

Қызылорда облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау электрондық поштасы: prd@kordak.kz.

Материалдың электрондық нұсқасы орналасқан Интернет-ресурс мекен-жайы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/press/article/?lang=ru>

Жобаның баспа түрімен танғысу үшін: Қызылорда қ., Қонаев көшесі, №4 және Ш.Есенов к-сі 1А.

Талпырыс берушілер: «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресурсиз» АҚ және «ТОРФАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау электрондық поштасы: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com және oyesnazarov@turgai.kz.

Жобаны әзірлеуші: «МұнайгазГЗЖИ» АҚ. Байланыс телефоны: 8 (7292) 600208 вн: 168, 207

КОНКУРСҚА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

Қазақтың халық әншісі Роза Бағланова ескерткішінің эскиздік жобасына конкурс жариялайды.

Конкурстың мақсаты – тұлғаның бейнесін ашатын, аса мәнерлі мүсіндік көркемдік шешімді анықтау. Ұсынылған жобалар жоғары идеялық және сәулеттік-көркемдік деңгейде орындалуы тиіс.

1. Конкурстың бағдарламасы
Конкурстық құжаттардың құрамы және оларды рәсімдеуге қойылатын талаптар

1. Конкурстық материалдар құрамында ұсынылатын құжаттар:
- Жобаның қасбеттері және оның орналасу сызбасы, бас жоспары қамтылған альбом немесе планшет,
- жобаның жұмсақ материалдан әзірленген эскиздері – Н-0,50-0,60 см.
- жобаның көркемдік шешімі мен кеңістікті ұйымдастыру қағидалары және негізгі идеясы мазмұндалған 2 дана қысқаша түсініктеме жазба.

2. жобаның орналасу сызбасы қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімімен келісілуі тиіс.
3. Көрнекті түрде назарға ұсыну үшін барлық материалдар электрондық нұсқада қосымша ұсынылады.

2. Конкурстың шарттары
4. Конкурсқа қатысуға мүсіншілер және авторлық ұжымдар шақырылады.

Орналытыны орны: Қызылорда қаласы.
5. Конкурсқа ұсынылатын материалдар Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі облыстық комиссия қаралып, аталған комиссияның ұсынысымен Монументтік өнер құрылыстарын орнату жөніндегі мемлекеттік комиссияның қарауына ұсынылатын болады.

6. Авторлар конкурс материалдарын Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі КММ-не 2021 жылдың 5 сәуіріне дейін ұсынулары қажет.

7. Жобаға қосымша желімделген конверте авторлардың аты-жөні, тегі және жобаға түсіндірме көрсетілген жазба ақпараттық парақ тіркеледі.

8. Конкурс шарттары сақталмаған жобалар байқауға жіберілмейді және комиссияда қаралмайды.

9. Бағдарлама және конкурс шарттары бойынша ақпарат алу үшін төмендегі мекенжайға хабарласуға болады: 120001; Қызылорда қаласы, И.Тоқтыбаев тұйығы 2, ғимарат №1. Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі КММ. Тел: 8 (7242) 26-40-03; 26-41-93; e-mail: ohranakz@mail.ru

Мұралық істің ашылғаны хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Қосбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002521, 24.02.2014 ж.) 2020 жылдың 12 қыркүйегінде қайтыс болған азамат Қамырбаев Ғалым Мақсұтовтың атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 30 47 23, 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.


Жұмысын тоқтатады

«Первое Транспортное телевидение» ЖШС (БСН 180440014356) өз жұмысын тоқтататынын хабарлайды.

Жарамсыз деп есептелсін

ЖК Абай атына берілген (ЖСН 950810300586) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы серіктестік қызметкері Бауыржан Әбілдаевқа жездесі **Әлімхан Тыныштықұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



«Ортақ үйіміздің тазалығы өзімізге керек»

Қала көшелеріндегі қарбалас тірлік. Құмырсадай құжынаған халық, ағылған көлік. Бұл көрініс кейіпкеріміз Баянсулу Сқақованың он шақты жылдан бері көз алдында.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

«Қызылорда тазалығы» серіктестігінің қызметкері аптаның алты күнінде таңның атысынан кештің батысына дейін далада жүреді. Сыпырғышы мен күрегі қолынан түскен емес. Өйткені қала тазалығына үлес қосу – міндеті. Қыстың қытымыр аязына, жаздың аптап ыстығына шыдағаннан басқа амал жоқ. Оған Қызылорданың азынаған шаңды желі қосылғанда тіпті қиын. Бірақ тазалық сақшылары солай екен демейді. Беттерін бүркеп алып тырбанып жүргені. Тіршіліктің қамы.

Көп адамға тән кемшілік – жинаған жерінді артынша бүлдіріп кетеді. Қоқысты жәшікке апарып салу керекін айтсақ, өзімізге дүрсе қоя береді. «Шаруаң болмасын!» деп. Кейбіреулер келеке етеді. Ауасын жұтып, суын ішіп отырғасын бұл жер бәрімізге ортақ емес пе?! Біз міндетімізден қашпаймыз. Бірақ халық шашылмаған жер таза болатынын білуі тиіс, – дейді кейіпкеріміз. Баянсулу апа – 13 баланың анасы. Іргетасы сыз тартқан, қабырғасы көгерген үйде қазір 17 адам тұрып жатыр. Тұрақты табысы бары – осы кісі. Қолына тиетін 70 мың теңгеден астам жалақы коммуналдық төлем мен ішіп-жемнен артылмайды.

Баспана тарлық етіп отыр. Оның үстіне, қауіпті. Қанша жамап-жасқағанмен пайда жоқ. Балалардың тұрақты жұмысы болмағасын үй алуға шамамыз жетпейді. Ешкімге алақан жайып көрген емеспін, мені қинайтұны – осы ғана, – дейді кейіпкеріміз. Баянсулу апаның өзі сияқты батыр аналар қоғамдық көлікте тегін жүрсе деген тілегі бар. «Көше сыпырып жүргендерді курорт-санаторийге жіберіп тұрса, тіпті жақсы» дейді тағы. Өйткені ыстықта да, суықта да далада жүру кез келгенді қажытып жіберетіні рас.

Ол кісі күрегіне сүйеніп тұрып «Аллаға шүкір» дегенді жиі қайталады. Ұл-қыздарын бағып-қағып, аяққа тұрғызудың ауырталығын әлі көріп келе жатса да тәубашылдығына тәнті болдым. Әңгімеміздің соңында Баянсулу апа әйел-аналарды мерекемен құттықтады.

Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

МЕРЕКЕЛІК ӘЗІЛ

Әйелдер-ай

Көп сыр бар-ау сендерде... Сендерді осы бір тірі жан жеңген бе?! Ашуларың кейде қатты, Япырай, Ешбір амал таба алмаймыз «емдеуге»

Ашулансам, «Алыстан орап» алдайсың... Басылмасам, Арпалысып, арбайсың... «Әй, қатын!» десем, «Қатып қал!» – деп қарғайсың... Қарғайсың да, Әріге бірақ бармайсың. Бармайсың, Бірақ, Бар жағымды барлайсың... Барлайсың да, «Компр» іздеп шарлайсың... Шарлайсың да, Шалдығып тым шаршайсың.

Екі араға қажет емес «елшілік!» Мойындаймыз, Бізде де бар кемшілік... «Майдан» күні «мә» деп берсек қымбат сый, Қас қағымда жасайсыңдар кеңшілік...

Сендерсіңдер тіршіліктің тірегі, Бұны әлем, Бұны бәрі біледі. Сендер аман болыңдаршы, АНАЛАР, Міне, осы тек адамзат тілегі!

Мерекелеріңізбен, аяулы АНАЛАР, АРУЛАР!

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ



наурыз – халықаралық әйелдер күні

Жұрын төгіп, күліп жүрсін әйелдер!

Бүгін жастар, құрбы, достар жайдары, Бұл ерекше қуаныштың айғағы. Бақыт қонып, құтты болсын бәріңе, Әйелдердің Халықаралық мейрамы! Уа, парасатты інілерім, балдарым, Өркен жайсын десем асыл арманың. Отбасының берекесі, киесі – Анаңды күт, баға жетпес ардағың! Бағамдасаң бағзы заман арыдан, Тирандар да құрмет тұтып, табынған. Өйткені ізгі бар жақсылық адамға, Аналардың ақ сүтінен дарыған! Сексен жастың тағдырына бағынып, Оңашада отырғанда тарығып.

Қуат беріп маңдайымнан сипайтын, Еске аламын Ұлы анамды сағынып...

«Ана» деген киелі сөз «үш әріп», Сол әріптен әлем тұр ғой күш алып. Бір анамен кездескенде бір сәтке, Бала болып кеткім келеді қуанып. Достық туын көтеріп бірге бар елдер, Жаңарған елім, жасарып жерім гүлденер. Ақ жүздерін кірбің шалмай ақ таңнан, Нұрын төгіп, күліп жүрсе әйелдер!

Мұрат СЫДЫҚОВ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Арал ауданының құрметті азаматы, күйші-композитор, ақын-жырау

Әминаның аялы алақаны

Ғылымға сүйенсек, зағип жандардың сезу қабілеті, әсіресе саусақтарының сезімталдық қасиеті зор болады екен. Әминаның да қасиет дарыған алақаны, жасаған массажды талай баланың дертіне дауа болып жүр.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Әмина 1985 жылы 20 қаңтарда Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1991 жылы №43 мектеп табалдырығын аттайды. Оны бітірген соң «Болашақ» университетінен технолог-инженер мамандығын алып шығады. Отбасында сегіз баланың ортаншысы. Жастайынан үй шаруасына икемді болды. Тігін тігіп, түрлі тәттілер пісіруді жаны сүйетін. Кітап оқуға да құмар. Оның да жұрт секілді жастық арманы, мақсаты көп еді. Бірақ адамның емес, Алланың дегені болады ғой. Мамандығына сәйкес тігіннен айналысып, атақты дизайнер болам деген арманы, тәттілер пісіруге деген құлшынысы да екі көзден қалғанда қол жетпестей болды.

Уақыт – емші. Қайсар қыз басына түскен ауырталыққа мойымады. Мүмкіндігіне қарай мамандық алуға ниеттенді. Алматыдағы зағип жандарға арналған республикалық медициналық колледжде оқуға түсіп, оны қызыл дипломға бітіріп, массажист мамандығын алып шықты.



Көзім көретін кезде тігін де тігетімін, түрлі тәттілер де пісіретімін. Кітап оқығанды да жақсы көремін. Қазір жағдайыма қарай қолым қалт еткенде кітап оқимын, – дейді ол. Әмина Әбиева облыстық балалар ауруханасында 2018 жылдан бері жұмыс істейді. – Өзім балажан адаммын. Олар періште ғой. Қылықтары тәп-тәтті. Алдағы уақытта өз кәсібімді ашсам деймін. Сондай-ақ, «өз үйім – өлең төсегім» деген емес пе, баспанам болса деп армандаймын, – дейді ол. Сенім алдамайды емес пе, асқақ армандарының орындалуына тілектестік білдірдік біз де.

«ЖЕНЬШЕНЬ – ӨМІР ҚУАТЫ» – ҒЫЛЫММЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН ТАБИҒАТ КЕРЕМЕТІ



Табиғат женьшеньді мінсіз қылып жаратқан. Қазіргі заманауи технолог-ғалымдардың негізгі мақсаты – женьшениң барлық пайдалы қасиеттерін сақтай отырып, дәрінің ең тиімді түрін жасап шығару. Сонымен қатар, құрамындағы барлық заттар бір-бірінің емдік қасиетін төмендетпей, бірлесіп, пайдалы қасиеттерін арттыру.

Женьшениң жапырақтары мен тамырынан дайындалған мицеллярлы түрдегі тұнбаны қолданудың арқасында бұл фитонаноцевтикалық бальзам организмге жақсы еніп, белсенді мицеллярлық құрамы аз-

қазан-ішек жолдарына тез сіну қабілетіне ие. Жоғары белсенді компонент «Женьшень – өмір қуаты» фитонаноцевтикалық топтамасы тоңусы көтеріп, ағзаның жағымсыз әсерлерге қарсы тұру қабілетін арттырып, қабыну процестерін жояды. Сондай-ақ, бактерияға және вирусқа

қарсы әрекет етіп, қан қысымын реттеп, қанның құрамын қайта қалпына келтіріп, өкпе мен бронхтарды, қанды тазартып, ішкі секреция бездерін, зат алмасуды жақсартып, тас түзілуіне кедергі келтіреді.

Қолдану әдісі: күніне 3 рет тамақтанудан 30 минут бұрын 1 шай қасық бальзамды аузыңызда 30-40 секунд ұстап тұрып, содан кейін жұтасыз.

БАЛЬЗАМДЫ ПАЙДАЛУҒА ҰСЫНЫЛЫМ:

- Жүрек-қан тамыры жүйесі жұмысының бұзылуы (жүрек әлсіздігі, жүректің ревматикалық ауруы, атеросклероз, вегетотамурлық дистония, тахикардия және т.б.);
Жүйке жүйесі ауруларында;
Гипертония мен гипотония кезінде қан қысымын реттеу;
Ревматизм, артрит, артроз, буын аурулары, остеохондроз, подагра кезінде;
Иммунитетті көтеру және ағзаның жалпы жағдайын жақсарту;
Түрлі инфекциялық, бактериялық және вирустық ауруларда;
Тыныс алу жолдарының инфекциялық және қабынуында;
Ас қорыту жүйесі ауруларында (ас қорытуының бұзылуы, гастрит, он екі елі ішек және асқазан жара-сы);
Бауыр ауруларында;
Бүйрек және неспеп шығару жолдарының ауруларында;
Өт жолдарының дискинезиясы, өтте тас жиналу кезінде;
Простатит, простата аденомасы кезінде;
Терінің инфекциялық-аллергиялық ауруларында;
Қант диабетінде;
Қан тамырының ауытқуларынан болған көз ауруларында;
Ісік кезіндегі өзгерістерде.

БІЗДІҢ КЛИЕНТТЕРІМІЗ БІЗ ТУРАЛЫ:

Байтөре Иманов, Қордай ауданы, 67 жаста. Мен жастайымнан ауырып, ауруханаға жатып, дәрі іштеген жанмын. Бірақ, соңғы 5 жылда бауырым ауырып, 7-8 ай бұрын тыныс алу жолдары мазалап, біраз қиналып жатып қалдым. Газеттен «Женьшень – Өмір қуаты» бальзамы туралы оқып, қызығып, 1-курсын алып, 40 күн іштім. Бальзам маған жақсы көмектесті. Бауырымның ауырганы басылып, тыныс алу жолдарым жақсарып, аяқ-қолдарымның қақсағаны кетті. Енді 2-курсын бастағалы отырмын.

Кенжебеков Жанар, Алматы обл., Ескекді ауд., Алдабергенов ауылы, 85 жаста. «Женьшень» бальзамын ішіп жүргеніме 3 жылдай уақыт болды. Асқазаным ауырып, тамақ іше алмай қалғанмын. Бальзамды үзбей уақытылы ішіп жүрмін. Қазір жақсымын! Асқазанымның ауырғанын ұмытып қалдым. Өзімнің жүрегім ауыратын, жиі система алатыным. «Женьшень – Өмір қуаты» бальзамын ішкелі система қабылдамайтын болдым. Керемет бальзам. 12 мүшенің бәріне ем десе де болады.

Кенжебекова Ұлтай, Алматы обл., Ескекді ауд., Алдабергенов ауылы, 80 жаста. «Женьшень» бальзамын 1 жылдан аса ішіп жүрмін. Бұрын ішкен тамағымды құсып, әлсіреп құлап қалған кездерім де болды. Қазір бальзам ішкелі, жақсы болдым. Қан қысымым көтеріліп кететін. Қазір анда-санда ғана көтеріледі. Түнде ұйықтай алмайтынмын, ал қазір ұйқым тынышталды. Демалып күш-қуатым да пайда болды. Бір сөзбен, өте жақсы бальзам деп айтуға болады!

Мырзағалиев Сәлімжан, Ақтөбе қаласы, 86 жаста. 2014 жылдан бастап мен сіздердің өнімдеріңізбен танысып. Осы жылы қыуыма ота жасалды. Нәтижесі онша дұрыс болмады. Содан соң әртүрлі өнімдерді, дәрі-дәрмектерді іше бастадым. Денсаулығымды калпына келтірудің жолын іздедім. Таныстарымның айтуымен, алдымен «Сағандали» өнімін іштім. Қазіргі уақытта «Женьшень – Өмір қуаты» бальзамын ішіп жатырмын. Қазір жағдайым жақсы. Простатит жеңілдеді. Жүрегімнің жұмысы жақсарды, көзім жақсы көретін болды, табетім ойдағыдай, ұйқым тыныш!

«ӘЛИКСИР ЖИЗНИ»

АҒЗАҢЫЗДЫ ЖАСАРТЫП, ӨМІРІҢІЗДІ ҰЗАРТАДЫ!

Бір курсқа «Эликсир Жизни», «Женьшень – өмір қуаты» – бальзамдарының 8 қорабын қабылдау ұсынылады. Бір қораптың бағасы – 4000 теңге. 3 қорапша алсаңыз, 4-ші қорапша тегін

Мына телефондар арқылы маманнан кеңес алып, тапсырыс беруге болады: 8 702 911 55 55, 8 777 114 13 20.

Мекен-жайы өзгергені туралы ескертеміз! «Эликсир жизни», «Женьшень – өмір қуаты» бальзамдарының қасиеті туралы СІЗ МЫНА КҮНІ ӨТКІЗІЛЕТІН САТЫЛЫМ КЕЗІНДЕ БІЛЕ АЛАСЫЗ: Қызылорда қаласында 16 наурыз күні сағат 10.00-11.00 аралығында А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде, Қазыбек би көшесі, 21 (Ескі базардың қасында).

Газетіміздің келесі саны 10 наурыз, сәрсенбі күні шығады.